



НАРЫҚ

ЛИЗИНГ ӘЛДЕ КРЕДИТ: ҚОЛАЙЛЫСЫ ҚАЙСЫ?

Мемлекет басшысы жуырда халық жеңіл автомобильді лизингпен ала алатынын мәлімдеді. Оның пайымдауынша, осының арқасында «темір тұлпар» халыққа мейлінше қолжетімді болады. Сарапшылар мұның оң және теріс жақтары барын айтады. Сонымен бірге президенттік тапсырманы орындаудың тетігі, жай-жапсары да әзірге жарияланған жоқ. Мысалы, сарапшылардың мәліметі бойынша дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғаларға көлік лизингке берілмейді екен. Бұл үшін нормативтік-құқықтық актілерді өзгерту талап етілуі мүмкін.



АВТОӨНЕРКӘСІПҮШІН ИГІ ҚАДАМ

Мемлекет бұл қадамға жеңіл автомобильдерді шетелден шашылған күйде әкеліп, елде құрастыратын кәсіпорындарды қосымша қолдау үшін барып отырғаны мәлім. Мемлекеттің тиісті шешімін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев телекөпір арқылы KIA Qazaqstan автомобиль зауытын ашу рәсімі барысында жария етті. Оның тұжырым-

дауынша, бұл еліміздегі машина жасау саласын дамыту бағытындағы өте маңызды қадам.

Мемлекет басшысы осыдан екі жыл бұрын Қостанайға сапары кезінде KIA Sportage автокөлігі өндірісінің де тұсауын кескен. Бұл жолы онда KIA Motors корпорациясымен жасалған келісімге сәйкес зауыт ашылды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы кәсіпорын мысалында отандық көлік құрастыру саласын қолдаудың маңызына тоқтал-

ды. KIA Qazaqstan зауытын салу туралы шешім 2023 жылы қабылданыпты, енді ашылып отыр. Қостанайдың индустриялық аймағындағы зауыт жылына 70 мың көлік өндіре алады. Инвестиция көлемі – 131,5 миллиард теңге. 1500 жұмыс орны ашылған. Оның өнімі Қазақстанға, Орталық Азия және ЕАЭО елдерінің нарықтарына шығарылады деп күтіледі.

(Жалғасы 4-бетте)



ВАШИНГТОНДАҒЫ БАСҚОСУ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ОЗЫҚ ДӘСТҮРІ

Бейсенбіде Орталық Азиядағы бес елдің көшбасшысы АҚШ Президенті Дональд Трамппен кездеседі. Вашингтонда өтетін басқосу саяси аренада жақсы таныла бастаған «Орталық Азия + АҚШ» форматында өткізілгелі отыр. Мемлекеттер басшыларының мұхит асып арнайы шақырылып отырғанына қарағанда, бұл жиын әлем назарын аудартып, Орталық Азияның беделін одан әрі айқындай түсері хақ.

Бұл саммитке Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамптың шақыртуымен қатысқалы отыр. Өз кезегінде Қазақстан Президенті шақыртуды қабыл алып, аталған бастаманы дер кезінде көтеріліп отыр деп санайтынын жеткізген болатын. Вашингтонда тараптар энергетика, аса маңызды минералдар, цифрландыру, көлік және логистика саласындағы серіктестіктің әлеуетін қарастырмақ.

САЯСИ ФОРМАТТАҒЫ ТЫҢ СЕРПІЛІС

Әуелі «Орталық Азия +» форматы жөнінде сөз етсек. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжістан және Түрікменстан қосылып, белгілі бір сыртқы серіктес мемлекетпен өткізетін жиыны қазір жаһандық саясатта өте танымал форматқа айналды. Негізі осы басқосу түрінің бастау алуында да АҚШ-тың ықпалы бар болғанын ескерген абзал.

(Жалғасы 2-бетте)

«ӘУЛИЕАТА ЖАСТАРЫ»: ЖОБАНЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛГЕЛІ ТҰР

Иә, бағдарлама талаптары бойынша отбасылық жағдайың, жанұядағы бала саны, банктен есепшотты ашқан жылдарыңа қарай балдық жүйе белгілеу кейіннен енгізілді. Осы талап көп жастарды сүріндіруде.



→ 6

БАҒЫ АСҚАНЫҢ ДОСЫ КӨП

«Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді». Мен не журналист, не әнші болуым керек еді. Мен өнер әлемін таңдадым.



→ 8

МӘСЕЛЕ

ЕЛ БЮДЖЕТІН ЕСЕЛЕЙДІ


Салыстырмалы түрде қарасақ, өткен жылдың осы кезеңінде бұл көрсеткіш 1,8 миллион тонна болған. Бұл – экспорт көлемінің тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетеді. Нақтырақ, Өзбекстанға экспорт көлемі 42%-ға артып, 738 мың тоннадан 1 049 мың тоннаға дейін артты. Қырғызстанға жеткізілім көлемі 2,6 есеге, 24 мыңнан 64 мың тоннаға дейін, Әзербайжанға 3,1 есеге (18 мыңнан 56 мың тоннаға дейін), Ауғанстанға 42,5%-ға (73 мыңнан 104 мың тоннаға дейін), ал Түрікменстанға 2,3 есеге (3 мыңнан 7 мың тоннаға дейін) өсті.

→ 5



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Иштван КИШ:



ТҮРКІ ӘЛЕМІН ЖАҒАННЫҢ АЛТЫ ҚУАТТЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БІРІ САНАЙМЫЗ

Біздің Премьер-министріміз Виктор Орбан Габалада өткен Түркі мемлекеттері ұйымы саммитінде Мажарстанның сенімді серіктесі ретінде түркі әлемінің маңыздылығын айрықша атап өтті. Сондай-ақ ол осы жылдың жазында Тушваньош фестивалінде сөйлеген сөзінде түркі әлемін жаһанның алты қуатты орталығының бірі ретінде атады. Мажарстан мен түркі әлемі арасындағы қатынастар өсіресе 2010 жылдан кейін, қазіргі Премьер-министрдің екінші мерзімінен бастап іске қосылған «Шығысқа ашылу» саясатының арқасында жаңа серпін алды. Бұл байланыс Венгрия Түркі мемлекеттері ұйымында бақылаушы мәртебесіне ие болғаннан кейін одан әрі күшейді. Мажарстан – түркі әлемімен институционалдық байланысы бар жалғыз еуропалық мемлекет.

→ 5

4 ҚАРАША 2025 | СЕЙСЕНБІ

МӘЖІЛІС



МӘЖІЛІС ТУРИЗМ ТУРАЛЫ
ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Бірінші оқылымда палатаға Мәжіліс депутаттары бастамашы болған туристік саланы қолдау мәселелері бойынша түзетулерді қарау ұсынылады. Заң жобасы туризм саласына мемлекеттік қолдау көрсетуге және ішкі туризмді дамыту процестерін реттеуді одан әрі жетілдіруге бағытталған. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» заңға енгізілген түзетулермен туристік өнімге қойылатын талаптарды айқындау, келу туризмі саласындағы туристік операторлардың шығындарын субсидиялау мөлшерін белгілеу, сондай-ақ туристер мен визит-орталықтарды орналастыру объектілерін салу және реконструкциялау кезінде кәсіпкерлердің шығындарының бір бөлігін өтеу тәртібі бөлігінде уәкілетті органның құзыреті нақтыланады.

Сондай-ақ бірінші оқылымда депутаттар «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заң жобасын талқылайды. Үкімет негізгі заң жобасын және қаржы нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша ілеспе түзетулерді Президент жолдауларын жүзеге асыру мақсатымен әзірледі. Ол банк жүйесінің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге және ұлттық цифрлық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған.

Жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасына «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану

туралы» кодекске көмірсутектер мен уран саласындағы жер қойнауын пайдалануды жетілдіру мәселелері бойынша депутаттық түзетулер енгізілді. Заң жобасын екінші оқылымға дайындау барысында депутаттар жер қойнауы учаскесінің төменгі кеңістік шекарасын тұйық контурларды өзгертпестен бес мың метрге дейін тереңдету мүмкіндігін көздейтін нормаларды ұсынды. Сонымен қатар түзетулер арқылы тұтқырлығы жоғары, битуминозды және тақтатаас мұнайы бар технологиялық тұрғыда күрделі кен орындарын игеру үшін арнайы құқықтық режим орнату ұсынылады. Көмірсутек қорларын есептеу жөніндегі функцияны беру мерзімін 2030 жылға дейін ұзарту және қолданыстағы өндіруші газ кен орындарына күрделі жоба бойынша жетілдірілген модельдік келісімшартқа көшуге мүмкіндік беру көзделген. Түзетулерге мұнай өндіруді ұлғайтудың арнайы әдістерін қолданатын жер қойнауын пайдаланушыларды қолдау шаралары да кіреді.

Мәжіліс жұмысына Мүмкіндігі шектеулі балаларды кешенді қолдау туралы, сондай-ақ Қазақстан мен Түркия арасындағы екі елдің әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналды транзиттеу туралы келісімді ратификациялау, Қазақстан мен Халықаралық валюта қоры арасындағы Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия үшін Әлеуетті дамыту өңірлік орталығына ратификациялау туралы заң жобаларын қабылдау ұсынылады.

БАСҚОСУ

ЖАСТАР ЖОБАСЫНА
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТҚАН

Жақында Президенттік жастар кадр резервінің төртінші іріктеу кезеңінің қорытындысы белгілі болды. Іс-шара ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында өтті. Жиынға Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай, Президент Әкімшілігінің, Мемлекеттік басқару академиясының өкілдерімен қатар жастар резервіне өткен үздік мамандар қатысты. Биыл резервке төртінші мәрте іріктеу өтті. Жобаны ұйымдастырудың басты мақсаты – мемлекеттік басқару жүйесіне іскер, бастамашыл жаңа буынды араластыру, білім-білігі жоғары мамандарды кәсіби қолдау. Жоба 2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен, қолдауымен іске аса бастаған.



А Айсұлу СЪЕЗХАН

Биылғы іріктеу, расында да, тартысты әрі күрделі болды. Жастардың да жобаға қызығушылығы артқан. Іріктеуге 31 мыңнан аса үміткер өтінім берген, оның 7436-сы келесі кезеңдерге қатысуға мүмкіндік алды. 50 жас үміткер 6 кезеңдік тартысты бәсекеден оқ бойы оза шауып, мыңдаған қатысушыдан суырылып алға шықты. Кездесуде агенттік төрағасы Дархан Жазықбай финалистерді құттықтап, алдағы істеріне бағыт-бағдар беріп, жобаның стратегиялық маңызы мен мүмкіндіктерін түсіндіріп өтті.

— 2019 жылы Мемлекет басшысының сайлауалды Жолдауында жастарды мемлекеттік басқаруға тарту және әлеуметтік лифт қалыптастыру қажет деген бастама жасаған еді. Содан бері тиісті жұмыстар жүріп жатыр, басқа да жобаларды ұсынып жатырмыз. Мемлекет басшысы мәселе үлкен бастық болуда емес, резерв өкілі болудың мәні ел үшін аянбай еңбек етуде деген болатын. Жастарымыздың бойындағы тасқындалған күш-жігер мен білімді ел мүддесіне бағыттау, кәсіби мемлекеттік қызметшілердің жаңа легін қалыптастыру — агенттіктің стратегиялық мақсаттарының бірі, — дейді Д.Жазықбай.

Агенттік қатысушыларды алты сала аясында таңдауды жөн көрген, ол үшін алдымен әр сала бойынша қандай маман иелеріне мұқтаждық барын зерттеп, талдау жасаған. Биылғы жобаның ерекшелігі де осында. Нәтижесінде, инфрақұрылымды өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты, агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау, сыртқы саясат және инвестициялар, экономика және қаржылық саясат, цифрландыру, әлеуметтік саясат және

азаматтық қоғам сынды салалар бойынша квота бөлінді. Кандидаттардың басым көбі әлеуметтік саясат бағытын тандаса, сыртқы саясат саласына қатысушылар аз тіркеліпті. Ақтық кезеңде 100 қатысушы Ұлттық комиссияның сынағына қатысты. Президенттік кадр резервіне қабылдана алмағандар өңірлік резервке жолдама алу мүмкіндігіне ие болды. Ал президенттік резервке енген тұлғалар конкурстыз негізде «А» корпусының саяси және әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына, «Б» корпусының басшылық лауазымдарына тағайындала алады.

Dauletten кайырымдылық қорының президенті Жасұлан Бостандықұлы да резервке мүше болды. Біз жеңісімен құттықтап, жоба жайында пікірін білдік.

— Бұл резервке 2019 жылдан бері қатысып келе жатырмын. Биыл ғана кадрлық резерв мүшесі болу бұйырыпты. Әрине, әр кезеңнің өз қиындығы мен ауыртыпалығы бар, себебі мәтіндік, логикалық, ситуациялық, стресске төзімділік сынды түрлі-түрлі кезең бойынша бізді бақылады, зерттеді, сынады. Барынша тырысып, толыққанды жауап беріп, кадрлық резерв мүшесі атанып отырмын. Мемлекеттік қызметке тағайындалу ашық конкурс негізінде өтсе, дәл осы резерв мүшелері тікелей тағайындалу мүмкіндігіне ие болады, — дейді финалист.

Д.Жазықбайдың айтуынша, іріктеуден өткен мамандардың жеке дерегі Үкімет аппаратына, Президент Әкімшілігіне, жергілікті атқарушы органдарға, басқа да мемлекеттік органдарға жіберілді, алда сұранысқа сай мүмкіндіктер де болмақ. Ендігі кезекте мамандардың жаңа ісі мен кәсіби жолына сәттілік серік болсын дейміз.

ВАШИНГТОНДАҒЫ БАСҚОСУ:
ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ОЗЫҚ ДӘСТҮРІ

(Басы 1-бетте)

А Мадияр ТӨЛЕУ

2015 жылы бұл форматты АҚШ Мемлекеттік департаменті аймақтық қауіпсіздік, экономикалық даму және экологиялық тұрақтылық бағытында ынтымақтастық орнату мақсатында бастаған еді. Жиын бірнеше бағытты қамтиды, оның ішінде: Терроризм мен экстремизмге қарсы күрес; Траншекаралық сауда мен көлік байланысын дамыту; Энергетика және экологиялық тұрақтылық; Аймақаралық экономикалық интеграцияны арттыру; АҚШ пен Орталық Азия елдері арасындағы саяси диалогты тұрақты ету бар. Содан бері осы формат аясында мемлекеттер басшылары мен үкімет өкілдері жыл сайын кездесіп отырды.

Көп ұзамай «Орталық Азия +» форматының маңызы артты, құрлықтың беделі мен ықпалы күшейе бастады. Қазір мұндай жиын Еуропалық одақпен, кәрі құрлықтың дамыған елдерімен жекелей, Жапония, Қытай және Ресеймен өткізіліп тұрады. Осы арқылы бес мемлекет өз мүддесін өзгелермен ашық талқылап отыр.

ҚАЗАҚСТАН –
АҚШ-ТЫҢ АЙМАҚТАҒЫ ЕҢ ІРІ
САУДА СЕРІКТЕСІ

Қазақстан мен АҚШ-тың саяси байланыстары көпшілікке мәлім, ең алғашқылардың бірі болып елімізбен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан да мұхиттың арғы бетіндегі осы алпауыт болатын. Содан бері Қазақстан сауда серіктестерін әртараптандыру саясатынан айныған жоқ, ең ірі сауда-экономикалық нарықтарға кедергісіз экспорт жасап келеді.

Мысалы, Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жылы Қазақстан мен АҚШ арасындағы тауар айналымы 4,2 млрд долларды құраған, ал 2023 жылғы көрсеткіш 4,1 млрд доллар болған еді.

Былтыр еліміз АҚШ-қа экспорттын 30,6 пайызға арттырып, 2 млрд долларға жеткізді. Өз кезегінде АҚШ-тан келетін импорт 2,2 млрд доллар болды. Әдеттегідей АҚШ нарығына көбіне мұнай экспорттаймыз. 2024 жылдың қорытындысы бойынша оның үлесі Америкаға жеткізілетін жалпы экспорт көлемінің 56 пайызын құрады. Маңызды экспорттық шикізаттардың қатарында уран да бар, оның үлесі шамамен 16 пайыз. Бұдан кейін күміс (12%) пен ферроқорытпалар (9,5%) тұр.

Елімізде бірнеше танымал америкалық компаниялар жұмыс істейді. Оның ішінде Chevron Corporation бар, Теңіз кен орнының

серіктесі 50 пайыз үлесін алады. Бұл қатарда 25 пайызбен үлеспен ExxonMobil Corporation-ды да атай аламыз. Ал The Boeing компаниясы авиация саласында Қазақстанмен ынтымақтастық орнатса, The Coca&Cola компаниясы бірнеше калада кәсіпорындарының жұмысын дөңгелетуге көшті. Бұл аталғандар ел экономикасына қосымша инвестиция құйып, жұмыс орындарының ашылуына септесіп отыр. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап 2025 жылға дейін АҚШ Қазақстан экономикасына 62 млрд доллардан астам тікелей инвестиция салған.

Ал биыл алғашқы жартыжылдықта Қазақстан мен АҚШ арасындағы өзара сауда көлемі 1,6 млрд доллар болды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22 пайызға төмен. Былтыр осы аралықта сауда 2 млрд долларға жеткен

еді. Әйтсе де, бұл теріс көрсеткіш екенін білдірмейді, жыл соңына қарай тауар айналымының біршама өсетіні болжанған.

Осы тұста Қазақстан — АҚШ-тың Орталық Азиядағы ең ірі сауда серіктесі екенін айта кеткен абзал. 2024 жылдың қорытындысында АҚШ-пен тауар айналымы бойынша Орталық Азия елдерінің ішінде Қазақстан айқын көш бастап тұр. Ал екінші орында тұрған Өзбекстан мен Американың алыс-берісі 882 млн доллармен шектелген.

ӘЛЕМДІК АРХИТЕКТУРАДАҒЫ
МАҢЫЗДЫ АЙМАҚ

Сонымен алдағы уақытта Вашингтонда өтетін басқосуда қандай жайттар сөз болуы мүмкін. Сауда-экономиканы дамытуға негізделген энергетика, минералдар,

көлік және логистика, Қазақстан ерекше зер салатын цифрландыру саласы бойынша келісімдер болатыны даусыз. Әйтсе де, кей сарапшылар мұндай маңызды жүзлесуде саяси мәселелер де ескерусіз қалмайтынын болжайды. Саясаттанушы Қазбек Бейсебаевтың айтуынша, Орталық Азия әлемдік архитектурада, соның ішінде АҚШ секілді алпауыт мемлекеттер үшін маңызды аймақ болып отыр. Сондықтан геосаяси жағдайлар айтусыз қалмайды.

— Менің ойымша, АҚШ Президенті Дональд Трамп пен Орталық Азия басшыларының кездесуінде экономикадан гөрі саяси байланыстарға негізделген екі басым тақырып талқыланады. Біріншісі, Орталық Азия мен Ресей ахуалы. Себебі Америка үшін Орталық Азия мемлекеттері арқылы геосаяси шиеленістерді реттеудің тетігі болуы керек. Бұған дейін Дональд Трамп өзін бейбітшілік үшін күрес жолында жүрген тұлға ретінде көрсетіп келгенін білеміз. Екіншіден, Орталық Азияның Қытаймен қарым-қатынасы да АҚШ-тың назарын аударталды. Өйткені жаһандық экономикада бұл екі алпауыт бәсекелес екені мәлім. Яғни, Америка Орталық Азиядағы өз мүддесін қорғауға, кей салалардағы ықпалын сақтауға тырысады, — дейді К.Бейсебаев.

Сарапшының сөзінше, Орталық Азия бұдан кейінгі уақыттарда да жаһандық аренадағы маңызын арттыра береді. Бұл тұрғыда бес мемлекеттің өзара ынтымақтастығы, белгілі бір мәселелерде ұстанымын жеткізе алуы үлкен рөл ойнайды.

Қорыта айтқанда, Вашингтондағы басқосуға әлемдік қауымдастық ерекше назар аударатыны даусыз. Ондағы келіс-сөздер тек екі құрлыққа емес, жаһандық мәселелерге әсер ететіні аңғарылып отыр.



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ»: ЕКІЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ



Қытайдың Циндао қаласында «Орталық Азия – Қытай» саяси партиялары диалогының ІІ отырысы өтті.

Жиынды Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Халықаралық байланыстар бөлімі ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – өзара тәжірибе алмасу, саяси партиялардың жаңғырту үдерістеріндегі рөлін талқылау және өңірлік ынтымақтастықты нығайту. Отырысқа Қытай және Орталық Азия елдерінің жетекші саяси партияларының өкілдері қатысты. Қазақстан делегациясын «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев бастап барды.

Ол өз сөзінде Қазақстан мен Қытай ежелден тату көрші екенін, олардың арасындағы қатынас берік достыққа негізделгенін атап өтті. Оның айтуынша,

бүгінде бұл ынтымақтастық жана деңгейге көтеріліп, көпғасырлық серіктестік тарихында «алтын 30 жылдыққа» қадам басты.

Ол маусым айында Астанада өткен «Орталық Азия – Қытай» екінші саммитінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің «ортақ тағдыр қауымдастығын» құру бастамасын көтергенін еске салды. Саммит қорытындысы бойынша, мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылып, Астана декларациясы қабылданды.

«Бұл құжаттар тең құқықты әріптестік, өзара құрмет пен сенім қағидаттарын бекітті. Ол Қытай мен Орталық Азия ел-

дері арасындағы жана дәуір ынтымақтастығына берік негіз қалады», – деп атап өтті партия хатшысы.

Жиында Ержан Жылқыбаев Қазақстанның ішкі саяси жүйесін жаңғырту мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жетекшілігімен елдің орнықты дамуына бағытталған ауқымды реформалар жүргізілуде. Сондай-ақ ол қазіргі жаһандық тұрақсыздық жағдайында саяси партиялар елдер арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтуда маңызды рөл атқарып отырғанын атап өтті.

«Партияаралық ынтымақтастық саяси көшбасшылар мен халық арасында байланыс орнатудың маңызды құралына айналып отыр. «AMANAT» партиясы өзара түсіністік пен өңірлік өзекті мәселелерді шешудің ортақ тәсілдерін

қалыптастыру мақсатында Қытай Коммунистік партиясымен серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті», – деді Ержан Жылқыбаев.

Саяси партиялар диалогы бағдарламасы аясында партия хатшысы Қытай Коммунистік партиясы басшылығымен бір-қатар кездесулер өткізді. ККП ОК Саяси бюросының мүшесі, ОК Секретариатының хатшысы, Қытай Халық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитеті төрағасының орынбасары Ши Тайфэнмен кездесуде ол Тяньцзинь қаласында өткен ШЫҰ саммитінің маңыздылығын атап өтіп, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің халықаралық қолдауға ие болған бастамаларына жоғары баға берді.

Өз кезегінде Ши Тайфэн Қытай мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастық дамудың жана кезеңіне аяқ басқанын атап өтті. Ол ККП өңірдің саяси партияларымен бірлесіп, «Қытай – Орталық Азия рухын» ілгерілетуге және партиялық әрі мемлекеттік басқару бойынша тәжірибе алмасуды жалғастыруға дайын екенін айтты.

Бұдан кейін партия хатшысы ККП Орталық комитетінің Халықаралық байланыстар бөлімі менгерушісі Лю Хайсинмен кездесті. Тараптар «AMANAT» партиясы пен ККП арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру барысын және алдағы жұмыс бойынша байланыстарды нығайту жолдарын талқылады.

Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, екі ел көшбасшыларының стратегиялық бағытының арқасында саяси сенім деңгейі тарихи биік межеге жетті. Ол былтыр Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар

айналымы 44 млрд АҚШ долларына жеткенін, ал Қытайдың Қазақстан экономикасына салған инвестициясы 27 млрд долларға жуықтағанын айтты. Бүгінде елімізде CNPC, CITIC, SINOPEC және HUAWEI сияқты қытай капиталы бар 6 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істеп тұр.

Бұдан бөлек, Ержан Жылқыбаев ККП Орталық Комитеті Шаньдун провинциясы партия комитетінің хатшысы Линь Умен келіссөз өткізді. Тараптар екі елдің қарым-қатынасы өзара сенімге, түсіністік пен дәстүрлі достыққа негізделгенін атап өтті.

Айта кетейік, 2025 жылғы маусым айында Астанада өткен «Қытай – Орталық Азия рухы» тұжырымдамасы өзара құрмет, сенім және тиімді ынтымақтастық қағидаттарына негізделіп, сапалы даму арқылы ортақ жаңғыруды көздейді. Бұл ұстанымдар өңірдегі саяси партиялар диалогының негізгі өзегіне айналып, өзара түсіністікті тереңдетуге, тәжірибе алмасуға және Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен серіктестікті нығайтуға бағытталған.

Еске сала кетейік, былтыр ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға ресми сапары аясында «AMANAT» партиясы мен Қытай Коммунистік партиясы арасында өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Осы уақытқа дейін 15-тен астам бірлескен іс-шара өткізілді. Құжат партияаралық байланысты нығайтуға, елдер арасындағы достық пен тату көршілік қатынастарды дамытуға және екі партия арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестікті кеңейтуге бағытталған.

ШӨЛГЕ ЖАН БІТІРГЕН БАҒБАН

Бүгінде елімізде экологиялық мәдениетті арттыру мен жасыл аймақтарды көбейтуге ерекше мән берілуде. Мәселен, «AMANAT» партиясының қолдауымен «Таза бейсенбі» акциясы қолға алынғалы бері 1 000-нан астам ластанған аумақ тазартылып, абаттандырылған көрінеді. Онымен қоса, 100-ден астам су айдыны қамтылыпты.

Дәл осындай табиғатқа жанашырлық пен еңбексүйгіштіктің жарқын үлгісін 65 жастағы Өрікбай Құдайбергенұлы ерекше көрсетіп жүр. Жамбыл облысы Көкдала ауылының тұрғыны небәрі бес-ақ үйі бар құмды мекенге 5 000-нан астам ағаш отырғызған. Жасыл бақтың бағбаны атанған Өрікбай ағамен тілдестік.

— Ауылыңызға мұндай бау-бақша егу идеясы қайдан келді? Табиғатқа деген махаббатыңыз бала кезіңізден басталды ма?

— Менің туып-өскен жерім — Көкдала ауылы. Менің әкем өмірінің соңына дейін малмен айналысқан. Бала күнімізде осы Көкдаланың құмында біз де әкеміздің соңында жүріп мал бақтық. Сол кезде баламын ғой, жаздың аптап ыстығында құмның ішінде саялайтын көленке жоқ, «Шіркін, көп тал болса ғой, малды жайып қойып көленкеде жататын» деп армандайтынмын. Сол балалық шағымның қиялын жүзеге асырайын деп, өзімнің кіндік қаным тамған Көкдаланың құмына қалдырған ізім болсын деген ойымнан туындаған идея болды.

Отбасылы болған соң, күнкөріс қамымен әр өңірде жүргізуші болып еңбек еттім. Біраз жыл Байқадам, Жанатас, Тараз қалаларында тұрдым. Кейін 15 жылға жуық Атырауға тұрақтадым. Сол жакта жүргенімде әйелімнің денсаулығы нашарлап, бір күні: «Елге қайтқанымыз дұрыс шығар», — деді. Сөйтіп, туған ауылға оралдық. Алғаш келген жылдары шамамен бес жылдай мал шаруашылығымен айналыстым. Алайда жұбайым дүние салғаннан кейін бұл істі жалғыз атқару ауыр соқты. Оның үстіне, басқа бір тірлікке араласпасам, уайым мен мұңның құрсауында қалып қоюым мүмкін еді.

Кімге де болса, отыз жыл отасқан жарыңнан айырылу оңай емес. Кей адамдардың осындай қайғыны көтере алмай, ішімдікке салынып кеткенін де көрдім. Мен ондай жолға түспейін деп, табиғатпен тіл табысып, тіршілік атаулының өскенін көріп, содан медет іздедім. Адам жұмыс істеп, бір іспен шұғылдansa, ойы да, көңілі де өзгереді ғой. Оның үстіне, бар-жоғы бес-ақ үйі бар ауылда өзінді өзін қамшыламасаң, басқа кім дем бермек?

Қазір екі қызым Атырауда, үлкенім аудан орталығында, ауылдан шамамен 100 шақырым жерде тұрады. Үшеуі де тұрмыста,

өз тіршілігі бар. Олар мұнда жиі келе алмайды, мен де оларды мазалай бермеймін. Сөйтіп, қол қусырып отыра бермейін деп, ағаш егу ісін қолға алдым. Басында бес-алты талдан ғана бастаған едім. Құм басқан жерде өсімдік шығару оңай шаруа емес, бірақ алғашқы егілген талдың көктеп, жайқалғанын көрген сайын, шабыттанып, үсті-үстіне еге бердім. Әуелде тек терек отырғызғанмын, кейін жеміс ағаштарына да көңіл бөле бастадым.

— Қазір аулаңыз тұнып тұрған жасыл желек. Бұл жердің жалпы көлемі мен егілген ағаштардың түр-түрін өзіңіз қалай тандайсыз? Әрбір талдың артында бір естелік бар сияқты, солай ма?

— Иә, аулама қонақтап келген жандардың барлығы таңғалып жатады. Ауламда бүгінде алма мен шиенің бірнеше түрі, сондай-ақ



алмұрт, анар және айва ағаштары өсіп тұр. Мұнымен шектелмеймін, жер жетеді. Шамамен 2 гектар. Әлі де ағаш егу жоспарда бар. Ауламда қазір 2 000-нан астам шырша, 2 000-ға жуық жеміс ағашы және 1 000-нан аса терек бар. Шыршаларды биыл ғана отырғыздым. Әрине, олардың бірден өсіп кетпейтіні белгілі. Бірақ соңына дейін шыдап, күтіп-баптап, барынша дұрыс қарап, өсіріп шығаруға ниеттімін. Ағаштар бірден жайқалып шыға қалмайтыны айдан анық. Бірі жер ауысқан соң «ауырады», енді бірі климатқа көп уақыт бой үйретеді. Мал да жер ауыстырса, түрлі дертке ұшырайды ғой. Сондықтан шыдап бағып, асықпай баптаймын. Егу бір басқа, ал оны өсіру тіптен бөлек. «Осы жақсы өседі-ау» дегенің келесі жылы шықпай қалады. Асықпай, аптықпай күтіп, келесі жылы басқа жерге егемін. Шықпай қалғандардың орнын жыл сайын толықтырып отырамын. Жыл сайын наурызда 100-200 түп алып келемін. Олардың бой үйретуіне 2-3 жылдай уақыт кетеді.

— Түгел бір бақты суарып шығу қиын емес пе?

— Әлбетте, қиын. Мұның бәрін бір күнде суару мүмкін емес. Үшінші күні түгел алқапты суарып біткен соң, ертесі қайтадан бастаймын. Қалың құмның ортасында тұрған соң су тұрмайды. Тез сіңіріп алады. Жаздыкүні 50 градус аптап ыстық болғанда үш күнге бөлмей, күн сайын суару керек болады.

— Кейде түскі ас ішпейтін кездерім бар. Таңғы шайдан кейін үйге кешке ғана кіріп, шай ішіп, «құлаймын». Неге екенін білмеймін, қарным мүлде ашпайды. Су ішіп жүре беремін. Тамақ туралы тіпті ойламаймын. Бәлкім, өз қолыммен еккен дүниенің өсіп, жемісін беріп жатқанына тамсанып, көңілім тоқ болып жүргеннен болар.

Ауламдағы 2 құдықтан су алу қара күшті талап етеді. Бүкіл алқапқа құбыр тартып, бір-біріне жалғап, суарамын. Күніне бірнеше мотор үздіксіз тоққа қосылу тұратындықтан, жарыққа төлейтін қаржы қымбат. Алдағы уақытта бұл жұмысты оңай әрі оңтайландыратын бассейн қазсам ба деген жоспарым бар. 10 шакты КамАЗ-бен тас түсіріп, ірі су қоймасын соқтырсам деген мақсатты көздеп жүрмін. Құдықтан әр жерге құбыр тартып жүргенше, сол бассейннен барлық жерге су тарайтындай болса, шіркін.

— Кейде бәрін тастап кеткіңіз келген сәттер болды ма? Сондайда өзіңізді қалай қайрадыңыз?

— Жалғыздық деген оңай емес. Басына түспеген адам білмейді. Басында қатты қиналдым. Жалғыз адамға ас-ауқат та батпайды ғой. «Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ» демекші, өзімді қолға алмасқа амал болмады. Тірлікке аралассан, ой да, көңіл де басқа жакқа бөлінеді ғой. Онымен қоса, 5-ақ үй тұратын ауылда өзінді-өзін қамшыламасаң, басқа кім қамшылайды?!

— Егер мүмкіндік болса, ауылда тағы қандай жобаны қолға алғыңыз келеді?

— Қаланың күйбелен тіршілігінен ауылдың тыныштығын аңсайтындар көп. Сондай жандарға арнап аптаның соңында бала-шағасымен табиғат аясында, таза



ауада демалыс күндерін өткізетін демалыс орталығын ашқым келеді. Әрине, әзірге тек қиялым ғой. Құйеубалаларым мен қыздарымның арасында осыны қолға алатыны болса, қуана қолдар едім. Себебі қазір балалар смартфонда өсіп жатыр, шынайы өмірде жеміс қалай өсіп-пісіп шығатынын білмейді. Бала-шағасымен келетін жандарға арнайы жеміс жинатып деген сияқты, неше түрлі іс-шаралар ұйымдастыруға болар еді. Мектеп оқушыларына бір күндік практика есебінде биология сабағында ұстаздары алып келіп жатса, қуана-қуана бақшамды көрсетер едім. Жастар табиғатқа бет бұру керек, табиғи жолмен өсірілген жеміс-жидектер — жанның саулығы. Соны түсінген жастарға тек алғыс айтамын.

— 10 жылдан кейін осы бақты қалай елестетесіз?

— Бойымда күш-қуат барда бақшамды үлкейтуді тоқтатпаймын. Себебі ағаш егу — менің жан сүйіспеншілігім, өмірімнің мәніне айналған іс. Әр көктем сайын жана көшет отырғызып, олардың өскенін көрген сайын бойына қуат бітеді. Адам қимылдап, еңбек етіп жүргенде ғана өмірдің қызығын сезінеді. Алла өмір берсе, он жылдан кейін бұл жер көленкесі мол, саясы қалың жасыл баққа айналады деп сенемін. Құстар ұшып келіп, ұя салып, ағаштар жеміс беріп тұратын мекен болады. Бәлкім, балаларым мен немерелерім де осында жиі келіп, сол жемістерден дәм татып, туған жердің иісін сезініп қайтатын орынға айналар. Тірі тұрсам, 10 жылдан соң тағы сұхбат аларсыздар.

— Аға, еңбегіңіз жемісті болсын!

Әңгімелескен
Әсет ҚАЛИ

НАРЫҚ

4 ҚАРАША 2025 | СЕЙСЕНБІ

А Елдос СЕНБАЙ

(Басы 1-бетте)

— Зауытта өндіріс локализациясына екпін қойылып отыр. Бұл шығарылатын өнімдегі қазақстандық үлесті едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Сарапшылардың есебінше, автозауыттағы әрбір жұмыс орны логистика, сервис, инфрақұрылым салаларында жанама түрде

билдің иесіне айналасыз. Ал бағдарлама лизингтік болса, көлік толық сатып алынғанға дейін лизингтік компанияның меншігі саналады. Екіншіден, амортизация кредит құнына еш әсер етпейді. Кейіннен сатып алу құқығымен жалдауда амортизация коэффициенті пайдаланылады. Үшіншіден, әдетте автокредитте пайыздық мөлшерлеме қатаң бекітіледі. Лизингтік шарттарда машина құнын ғана емес, банктің не лизингтік компанияның оны сатып



ЛИЗИНГ

ӘЛДЕ

КРЕДИТ:

ҚОЛАЙЛЫСЫ ҚАЙСЫ?

5-6 адамды жұмыспен қамтуға ықпал етеді. Бұл — жай ғана өндіріс желісінің кеңеюі емес, толық өнеркәсіп кластерін қалыптастыру үшін жасалған зор қадам. Мұндай жүйеде шағын және орта бизнес тұрақты дамуға мүмкіндік алады. Өндірісті ұйымдастырудың осындай кешенді тәсілі Қостанай облысының ғана емес, тұтас еліміздің индустриялық әлеуетін күшейтеді, — деді Қ.Тоқаев.

Ол жаңа кәсіпорынның жұмысы отандық автопарктің жанауына септігін тигізетініне, сондай-ақ қалалар мен кәсіпкерлер арасындағы жол қозғалысы қауіпсіздігіне оң әсер ететініне сендірді. Президент машина жасау саласына әрі қарай баса мән беретінін мәлімдеді. Былтыр осы салаға 290 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Бұл — алдыңғы жылғыдан 2,5 есе көп. Осы үрдіс биыл жалғасқан. Жыл басынан салаға 178 миллиард теңге қаражат салынды. 2024 жылы елде 145 мыңнан астам көлік шығарылды. Астана, Алматы, Семей, Орал, Көкшетау, Қостанай, Соран (Саран) қалаларында автокөлік өндірісіне қатысты кәсіпорындар жұмыс істеп тұр. Сектор 10 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып келеді.

Президент жақында Үкіметке экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін нақты іс-шаралар әзірлеу туралы тапсырма беріп, осыған байланысты бірқатар маңызды шешім қабылданғанын жеткізді.

— Соған сәйкес енді азаматтарға автокөлікті лизингпен алу мүмкіндігі ұсынылады. Соның арқасында автокөліктер халыққа мейлінше қолжетімді бола түспек. Елімізде KIA Qazaqstan зауытының іске қосылуы осы саланы технологиялық тұрғыдан жаңғыртуға зор серпін берері сөзсіз. Әлемдік озық

алуға жұмсаған шығындарын, комиссиясын және басқасын сіз төлейсіз.

Төртіншіден, автокредитті ресімдеу кезінде кепілгер-гарант немесе кепілзат талап етіледі. Мұндай тәжірибе лизингте жоқ, себебі автокөлік онсыз да лизингтік компанияның меншігі. Бесіншіден, кредитте мерзімінен бұрын өтеу (досрочное погашение) бар, лизингте жоқ. Алтыншыдан, банк мамандарының мәліметі бойынша автокредит алғанда, бастапқы жарна талап етпеуі мүмкін. Ал лизингте бастапқы жарна — міндетті шарт. Ол автомобиль құнының 10%-ынан жоғары.

Елордалық автосалон менеджері Үміт Құралбай жеке тұлғаларға көлікті лизингке алғаннан гөрі несиеге ресімдеген әлдеқайда тиімді екенін әңгімелейді: «Дара кәсіпкер мәртебесі жоқ жеке

жесінде ай сайынғы төлемі жыл сайын азаюы мүмкін. Бұл оны бұқараға қолжетімді етер еді.

— Лизинг пен кредиттің оң жақтары да, теріс жақтары да бар. Екеуінің біреуін таңдамас бұрын максатыңызды айқындап алыңыз. Егер автомобильді уақытша пайдаланғыңыз және жиі ауыстырғыңыз келсе, онда лизинг қолайлы. Егер машинаға ұзақ уақыт иелік етуді және толық меншігіңізде болуын қаласаңыз, кредит дұрысырақ. Екі нұсқаның бірін таңдамас бұрын маманға екеуінің де толық құнын есептестіріп, салыстырып көріңіз. Әдетте жеке тұлғалар үшін көлікті лизингке алу өзін-өзі ақтамайды, босқа қосымша шығын шегуі мүмкін, — деді Ү.Құралбай.

Өйткені лизинг берушілер көбіне, автокөліктің ай сайынғы төлеміне сақтандыру шығындарын, мемлекетке төлейтін алым-салықтарын, қызмет көрсету шығындарын және басқасының бәрін қосады. Бұған қоса, көлік лизинг кезінде апатқа түспеуі үшін жылдамдықты шектеуі мүмкін. Ал егер кредитке алсаңыз, бұл енді сіздің көлігіңіз: трассадағы жылдамдық шектеуі аясында қалай құйғытамын десеніз де өзіңіз білесіз.

Сарапшының пікірінше, лизинг негізінен бизнес үшін қолайлы: кәсіпкер-компаниялар осы арқылы салықтарын азайтады, салықтық шегерімді қолданады. Қолданыстағы заңнамада жеке тұлғалардың лизингі үшін салықтық жеңілдік қарастырылмаған.

КӨШЕДЕГІ КӨЛІК САНЫ КҮРТ ӨСПЕК

Сонымен мамандар лизинг пен кредиттің келесі он және теріс жақтарын атады. Автокредиттің «плюсы»: біріншіден, сіз бірден автокөліктің толыққанды меншік иесіне айналасыз. Бұл құқықтан тек несиеңізді өтемесеніз айырыласыз. Екіншіден, бастапқы жарна талап етілмеуі мүмкін. Үшіншіден, машинаны қалай пайдаланамын, қалай және қайда жүргіземін десеніз де шектеу жоқ. Төртіншіден, Қазақстанда мемлекет немесе

автоөндірушілер тарапынан дүркін-дүркін үлкен жеңілдікпен, арзан автокредит беріледі. Бесіншіден, нарықта автокредит бойынша ұсыныстардың алуан түрі бар. Мұнда бәсекелестік жоғары болғандықтан, ең тиімдісін таңдай аласыз.

Кредиттің «минусы» ретінде, біріншіден, көлігіңізге қызмет көрсету үшін өз қалтаңыздан қосымша шығын шығаратыныңыз (лизингте лизинг беруші қызмет көрсетеді), екіншіден, несиеңі ай сайын уақытылы төлеп тұру міндетті екені (онсыз айыппұл салынады), үшіншіден, көліктің салықтары мен сақтандыруын өз бетіңізше төлеуге тура келетіні аталды.

Лизингтің оң жақтарына, біріншіден, амортизация және көліктің ескіруі ай сайынғы төлемді азайтатыны, екіншіден, ресімдеу процедурасының жеңілдігі, құжаттардың шағын ғана топтамасы қажет етілетіні жатқызылды. Үшіншіден, көліктің салықтары мен сақтандыруын жеке төлемейсіз (ол онсыз да ай сайынғы төлемге қосылған). Төртіншіден, төлем енгізу кестесі икемді болуы, төлемі сәл кешіктірілсе айыппұл салынбауы ықтимал (егер келісімшартта солай көрсетілсе). Бесіншіден, автомобильді сатпай-ақ жиі ауыстыруға мүмкіндік береді.

Лизингтің теріс жақтары жетерлік. Біріншіден, толық ақысын төлеп болғанша, яғни жылдар бойы сіз автокөліктің түпкілікті қожайыны болмайсыз, барлық құжат лизинг берушінің сейфінде сақталады. Екіншіден, түбегейлі сатып алғанға дейін көлігің қиратып, бүлдіріп тастамауы үшін компания қаптаған шектеу қоюы мүмкін. Оларды орындамасаның, шарт біржақты бұзылады және бұған дейін жылдар бойы енгізген ақыңыз қайтарылмайды. Үшіншіден, лизинг беруші ай сайын төлеттіретін төлеміне жасырын төлемдер мен комиссиясын қоса салады. Салдарынан, ақыр соңында бір автокөлік орнына екеуінің, тіпті үшеуінің құнын өндіріп алса, таңғалмаңыз.

Экономист Бауыржан Ысқаков жеке тұлғаларға арналған лизингтік бағдарламалар қазірден іске қосылып жатқанын жеткізді. Ол қатардағы автокредитке қарағанда, қаржылық лизингте ай сайынғы төлемдер әлдеқайда төмен болатынына сенімді.

— Неге олай? Автокредитте ай сайынғы төлемдер автомобильдің толық құны негізінде есептеледі. Өйткені сіз оны жаңа көлік ретінде толыққанды сатып аласыз. Ал лизингте оның амортизациясы ескеріледі. Тиісінше, көлік ескірген сайын ай сайынғы төлем 15-30%-ға азаюы мүмкін. Бірақ бір гәп бар: лизинг беруші қосымша комиссияларын, келісімшартта көрсетілген өзге де талаптарын қосатындықтан, ау бастан автомобильдің жалпы құны ең кемі 5-10% қымбат болады, — деді Б.Ысқаков.



Оның айтуынша, ай сайынғы қаржылық жүктемесінің аздау болуы нәтижесінде лизинг классикалық кредиттеуге қарағанда, қазақстандықтарға мейлінше жоғары сыныптағы автокөліктерді сатып алуға мүмкіндік береді.

— Мемлекет жеңілдікті автокредиттеу бағдарламаларын субсидиялауды жалғастырды. Соған қосымша лизинг тетігін дамытады. Жеңілдікті автонесие-лендіру мен лизинг қосыла келе, отандық көліктерге деген сұранысты күрт арттырады. Осы арқылы мемлекет отандық автоөнеркәсіпті тікелей қолдауды күшейтті. Бұл елде жаңа жұмыс орындарының ашылуына, салық түсімдерінің ұлғаюына және экономиканың өсуіне септеседі. Лизинг бағдарламасын қазақстандық өндірушілер үйлестіреді. Бұдан тиімділік болады деген ойдамын, — деді сарапшы.

Сонымен бірге Бауыржан Ысқаков бұл екі нұсқаның бірін таңдауға байыппен келу керегін ескертті: мысалы, қолданыстағы лизинг бағдарламалары өз жарнамасында «нөлдік пайыздық мөлшерлемесіз» қызықтырып жатыр.

— Бұған құлай сенуге болмайды, сактық танытқан жөн. Пайызсыз лизинг болмайды, бұл жай ғана маркетингтік айла. Шынайы қаржылық жүктемені олар қосымша комиссияларға, міндетті әрі қымбаттау автосақтандыруға жасырады немесе лизингке алуға болатын автомобиль модельдеріне шектеу қояды, — деді экономист.

Мысалы, сіз лизингке арзандау седанды алғыңыз келді делік. Алайда автоөндірушілер ол модельдерін онсыз да өткізеді. Сондықтан лизинг арқылы клиенттерге бағасы жоғары универсал, хэтчбек, кроссоверлерді, жол талғамайтын көліктерді, тіпті премиум, люкс сыныптағы (F-класс) флагмандық автомобильдерін тықпалауы мүмкін. Мұндай жағдайда халық көлікке жоспарлағаннан әлдеқайда көбірек шығындалуға мәжбүрленеді.

«Астана Бас жоспары» ҒЗИ-дің Урбанистика орталығы басшысының орынбасары Бақтияр Бекенов журналистерге сұхбатында қазақстандықтарды жеке көлікті сатып алуға ынталандырмаған жөн екенін ескертті. Маманның ұстанымынша, керісінше, халықты қоғамдық көлікті пайдалануға көшуге илтірген маңызды. Тұрғындарының 80%-ға дейінгісі автобус, такси, трамвай, метро секілді қоғамдық көлікті пайдаланатын Лондон, Париж, Ыстанбұл іспеттес ірі мегаполистердің ізгі тәжірибесі осыны көрсетті. Ал Астанада Министрліктер үйінен «Хан Шатырға» жету үшін кешкі кептелісте бір сағатқа жуық уақыт кетеді.

— Көлік тығындарымен күрес тек қоғамдық көлікті дамыту арқылы жүргізілсе табысты болады! Көшені қанша кеңейтсең де кептеліс мәселесін шешуге көмегі шамалы. Мұның сыртында бүгінде мемлекет жеңілдікті автокредиттеу бағдарламалары арқылы халықтың жеке көлік алуын ынталандыру үстінде. Оған лизинг қосылса, жолдағы жеке автомобиль легі тоқтаусыз артады. Мемлекет қоғамдық көлікті дамытуға екпін түсіргені абзал, — деді урбанист.

Қазіргі кезде Алматы көшелеріне күн сайын 800 мыңнан астам көлік шығады. Астананың өзінде 500 мыңға жуық жеке автомобиль тіркелген. Шымкент жолдарында 270 мыңнан аса машина жүйткіп жүр. Қала салу мамандары мен экологтар лизингтің жеке көлікті қолжетімді етуі қордалған проблемаларды тіпті ушықтырып жібереді деп қауіптенеді. Олай болса, лизинг бағдарламасына бюджет қаржысын шашпас бұрын Үкімет оның халыққа және мемлекетке қаншалықты керектігін тағы бір пысықтап алса, артық болмас еді. Өйтпесе, әлемжелідегі пікірлер әкетіп бара жатқан қажеттілігі болмаса да, автобусты пайдаланудан арланғандықтан ғана автомобиль сатып алғандардың барын паш етті.

Жеңілдікті автонесиелендіру мен лизинг қосыла келе, отандық көліктерге деген сұранысты күрт арттырады. Осы арқылы мемлекет отандық автоөнеркәсіпті тікелей қолдауды күшейтті.

талаптарға сай көліктерімізді сыртқы нарыққа, яғни шетелге шығаруға мүмкіндік болмақ. Қазақстан жаһандық автокөлік өнеркәсібінің дамуына бар күш-жігерін салуға дайын, — деді Президент.

ЛИЗИНГТІҢ АРҒЫ ЖАҒЫ, БЕРГІ ЖАҒЫ...

Мемлекет басшысы мәлімдеген лизингке бюджеттен қанша ақша шығындалатыны да әзірге беймәлім. «Отандық автоөндірушілер мен екінші деңгейлі банктер халықтың жеңіл автокөлік сатып алуын қаржыландыру бағдарламаларын одан әрі жалғастырады. Жеке тұлғаларға жеңіл автокөлік сатып алу бойынша лизинг тетігі енгізіледі. Бұл азаматтардың автокөлік сатып алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған», — деп қысқаша түсініктеме берді Үкімет.

Жалпы, лизинг деген не? «Техникалық лизинг — автомобильді, арнайы техниканы, ауыл шаруашылығы техникасын және басқасын кейіннен сатып алу құқығымен жалға алу деген сөз. Клиент лизингтік шарттың қолданысы аяқталғанша машинаны пайдаланады және ай сайын аударым жасайды. Төлем енгізген сайын авто құны үнемі төмендеп отырады. Келісім мерзімі аяқталған соң қалған соманы төлеп, автокөлікті толық сатып алуға немесе алудан бас тартуға болады. Схема былайша жұмыс істейді: лизингтік компания немесе банк өз клиентін қызықтыратын машинаны сатып алып, содан кейін оны кәсіпкерге жалға ұсынады», — деп түсіндірді «Центр Кредит банкі» мамандары.

Банк автокредит пен лизингтің келесі қолайлы және қолайсыз тұстарына назар аудартты. Біріншіден, егер сіз кредитке ресімдесеніз, бірден автомо-

БІЗДІҢ СҰХБАТ

4 ҚАРАША 2025 | СЕЙСЕНБІ

Бізден сәл жырақтағы кәрі құрлықтан орын алса да, Мажарстанды қазақ жұрты жақсы танитыны рас. Түбіріміз, тамырымыз һәм тарихи болмысымыздың бір екенін айтып, сырттай тілеулес болып жүретіндер көп. Кейінгі жылдары бұл тілеуестік саяси серіктестікке ұласып, екі ел билігі тығыз қарым-қатынас орнатты. Түркі мемлекеттері ұйымының аясында халықтар арасындағы сенім күшейді. Осы орайда біз Мажарстандағы Дунай институтының (Danube Institute) атқарушы директоры, халықаралық қатынастар жөніндегі сарапшы Иштван Кишпен байланысып, қазақ-мажар байланысы жөнінде пікірлестік.

— Кейінгі жылдары Қазақстан мен Мажарстанның саяси байланыстары едәуір нығайды. Екі елдің билік өкілдері түрлі деңгейде бірнеше өзара сапарлар өткізді. Қазан айының басында Әзербайжанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде Венгрияның Премьер-министрі Виктор Орбан түркі әлемінің маңыздылығын атап өтіп, Орталық Азияның ерекше рөлін айқындады. Сіздің ойынғызша, алдағы уақытта елдеріміз арасындағы саяси қатынастар қалай өрбуі мүмкін және қай салаларда ынтымақтастықты одан әрі тереңдету қажет?

— Біздің Премьер-министріміз Виктор Орбан Габалада өткен Түркі мемлекеттері ұйымы саммитінде Мажарстанның сенімді серіктесі ретінде түркі әлемінің маңыздылығын айрықша атап өтті. Сондай-ақ ол осы жылдың жазында Тушваньош фестивалінде сөйлеген сөзінде түркі әлемін жаһанның алты қуатты орталығының бірі ретінде атады. Мажарстан мен түркі әлемі арасындағы қатынастар, әсіресе 2010 жылдан кейін, қазіргі Премьер-министрдің екінші мерзімінен бастап іске қосылған «Шығысқа ашылу» саясатының арқасында жаңа серпін алды. Бұл байланыс Венгрия Түркі мемлекеттері ұйымында бақылаушы мәртебесіне ие болғаннан кейін одан әрі күшейді. Мажарстан — түркі әлемімен институционалдық байланысы бар жалғыз еуропалық мемлекет.

Түркі елдері Венгрия үшін маңызды энергия жеткізушілер болып саналады. Бұл тұрғыда Қазақстан, Әзербайжан және Түркия, тіпті Түрікменстан да мысал бола алады. Мажарстан Еуропадағы алғашқы ел болып, Түрікменстанмен табиғи газ импорты туралы келісімге қол қойды. Бұл елдер Венгрия бизнесі үшін барлық салаларда дамуға мүмкіндік беретін үлкен тұтыну нарығын қалыптастырады. Су ресурстарын басқару саласында еліміздің мол тәжірибесіне негізделген ынтымақтастық ерекше маңызға ие. Сондай-ақ атом электр стансаларына арналған салқындату жүйелерін экспорттау, ауыл шаруашылығы, банк ісі және басқа да көптеген салалардағы байланыс қарқынды дамуда.

Мажарстанның түркі әлеміндегі елдермен кеңейтілген стратегиялық серіктестік қатынастары бар. Алғашқы стратегиялық серіктестік келісімі осыдан 11 жыл бұрын Қазақстанмен жасалған болатын. Бүгінде Венгрия мен Қазақстан арасындағы қатынастар өте жоғары деңгейде және оларды одан әрі кеңейтуге зор мүмкіндік бар.

Кейінгі жылдары Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Будапештке ресми сапары мен Биыл Венгрия Президенті Тамаш Шуйоктың Астанаға

Иштван КИШ:

ТҮРКІ ӘЛЕМІН
ЖАҒАННЫҢ АЛТЫ ҚУАТТЫ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІ САНАЙМЫЗ

жасаған сапары осы бағыттағы маңызды қадам болды. Былдан бастап Мажарстан Қазақстан мұнайын импорттай бастады. Сапарлар барысында қол қойылған келісімдердің бірі — Будапештте, сондай-ақ Қазақстанның Ақтау және Әзербайжанның Алат порттарында терминалдар салу туралы жоспар. Бұл терминалдар Ортадәліздің маңызды инфрақұрылымдық тораптары саналады. Осылайша, Венгрия Орта дәліз арқылы келетін тауарларды еуропалық нарыққа таратудың басты орталығына айналады. Ынтымақтастықтың тағы бір бағыты — атом электр стансаларына арналған венгриялық салқындату жүйелері. Қазақстандағы атом электр стансасын салу жобасына байланысты бұл бағыттағы серіктестік одан әрі кеңейді.

Қазақстандық студенттерге жыл сайын 250 грант бөліп отырмыз. Ауыл шаруашылығы, суару және банк секторы сияқты салаларда да байланыстар дамып келеді. Сенімді қарым-қатынас, тарихи байланыстар және мәдени ұқсастықтар Мажарстан мен түркі әлемі арасындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге зор мүмкіндік береді.

— Қазан айының басында Венгрия Президенті Тамаш Шуйок Қазақстанға ресми сапармен келді. Кездесулер барысында халықтарымыздың тарихи және бауырластық байланыстарына ерекше назар аударылды. Жалпы, венгр халқы өздерінің шығыстық түп-тамырын және ата-бабалық байланыстарын қалай қабылдайды?

— Мажар халқының тарихи шығу тегі туралы түрлі пікірлер бар, бірақ біздің бастауымыздың Шығыстан шыққаны анық. Венгр тайпаларының бүгінгі Қазақстан аумағында белгілі бір уақытта мекендегені немесе сол жерден тарауы өте ықтимал жайт. XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысында венгр ғалымдары түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуде маңызды рөл атқарды.



Қазір Мажарстанда түркі әлеміне деген ерекше ілтипат бар. Бұл — Венгрияның еуропалық ел бола тұра, Түркі мемлекеттері ұйымына бақылаушы ретінде қосылуының басты себебі. Мажарстанда «Құрылтай» атты мәдени фестивалі тұрақты түрде өткізіледі, онда біз өзіміздің түркі тамырымызды дәріптейміз. Түркі әлеміне көп сапар жасаған сайын мен халықтарымыз арасындағы мәдени, тарихи, тіпті тағамдық ұқсастықтарды көбірек байқаймын.

— Биыл Қазақстан алғаш рет Мажарстанға мұнай экспорттағанын айттық. Болашақта Венгрия тарапы қазақстандық «қара алтынды» сатып алу көлемін ұлғайта ма?

— Бұл — екіжақты қатынастардағы маңызды серпілістің бірі. Осы жылы Венгрия Қазақстаннан шамамен 600 мың

тонна шикі мұнай импорттады. Тасымал екі бағыт арқылы жүзеге асты: бірі — «Достық» мұнай құбыры арқылы, екіншісі, Хорватияның Омишаль портынан «Алатау» танкерімен жеткізілді.

Венгрияның MOL энергетикалық компаниясы Қазақстанда мұнай өндірумен он жылдан бері айналысып келеді. Ол да екі ел арасындағы ұзақмерзімді келісімдерге негізделген. Мажарстан үкіметінің энергетикалық саясатының басты қағидаларының бірі — жеткізу жолдарын прагматикалық түрде әртараптандыру. Осы тұрғыда Қазақстан сенімді серіктеске айналды.

Сенімді қарым-қатынастарды ескере отырып, Венгрия болашақта Қазақстан мұнайын импорттау көлемін арттыруы әбден ықтимал. Күшейіп келе жатқан



Транскаспий дәлізі арқылы энергия ресурстарын қауіпсіз әрі тиімді тасымалдауға зор мүмкіндік бар деп есептейміз.

— Өткен айда Қазақстанға келгеніңізді білеміз. Бұл елдегі әріптестеріңізбен қандай келісімдерге қол жеткіздіңіз?

— Биыл Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты ұйымдастырған Астана Think Tank 2025 форумына шақырылдым. Форум сессияларына әртүрлі елдің өкілдері қатысты. Дәл осындай әртараптанған сараптамалық байланыстарды біз де Еуропада, Мажарстанда дамытуға тырысамыз. Будапештегі Дунай институты арқылы Батыс пен Түркі әлемінің сарапшылары мен талдаушыларын байланыстыру — біздің басты максаттарымыздың бірі.

Форум аясында бізді жылы қабылдаған КСЗИ-мен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойдық. Сонымен қатар Максұт Нәрікбаев атындағы университетпен де меморандум жасалды. Назарбаев университетіне бару мүмкіндігі туды. Біз қазірдің өзінде қазақстандық ғалымдар мен сарапшыларды Венгриядағы ірі конференциялар мен бағдарламаларға шақыруға асықпыз.

Меморандумдарымыз ғылыми алмасу мен тағылымдамаларды қамтиды. Дунай институтында біз америкалық, еуропалық және түркілік сарапшылардың бірлес жұмыс істеп, ортақ зерттеулер мен жобаларды әзірлеуіне жағдай жасаймыз.

Астанаға алғаш рет келгенде мен қазақ халқының мәдениетіне, жылылығына және ашықтығына тәнті болдым. Бізге ортақ Түркі мифологиясындағы маңызды бейне — Тұғыл қусы (Самұрық құсымен сәл мағыналас, мажарлар үшін Көк Тәңірінің елшісі, аспан рухы ретінде сипатталады) сияқты мәдени ұқсастықтарды байқадым. Қазақ халқы өте ақылды, қонақжай және жылы шырайлы екен. Астананың инфрақұрылымдық дамуы да мені ерекше әсерге бөледі. Біздің ынтымақтастығымыз берік және ұзақмерзімді негізде дами беретініне кәміл сенемін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Мадияр ТӨЛЕУ

МӘСЕЛЕ



Биыл Қазақстанда 27 млн тоннаға жуық астық жиналды. Бұл — кейінгі жылдармен салыстырғанда, тәп-тәуір көрсеткіш. Ауылшаруашылық министрлігі дерегінше, 26,9 млн тонна астық бастырылып, егістің 99 пайызы жиналған. Сондай-ақ ішкі нарықты үнмен қамтамасыз етуге 9 млн тонна жұмсалса, 12-13 млн тонна экспортқа шығарылады. Соның 20 млн тоннасы бидай, арпа мен сұлы 4,2 млн тонна, жүгері 830 мың және майлы дақылдар 4 млн тонна, ал күріш 470 мың тонна жиналды. Астық мол болса да, елде азық-түлік бағасы тұрақтанбай, агроөнеркәсіп бірізділенбей тұр.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында агроөнеркәсіпті барынша қолдап, өндірушіден өңдеуші өнеркәсіпке көңіл бөлуі тапсырды.

— Бірақ агроөнеркәсіптің орасан зор әлеуетін толық ашуға бұл шаралардың әзірге жеткіліксіз екені анық. Мәселе қаражаттың көлемінде емес, ең бастысы, оны тиімді пайдалану қажет. Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек... Үздік агрокәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап, оны терең өңдеуге дейін тұтас өндірісті толығымен жолға қойып, зор табысқа жетіп отыр. Сондықтан осындай агрохолдингтердің тәжірибесін тарату үшін

барынша жағдай жасаған жөн. Бұл — құзырлы министрліктің және қоғамдық ұйымдардың міндеті. Мұндай қадам инновациялар мен ғылыми жаңалықтарды ауыл шаруашылығында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді, — деді Президент.

Біздің елде делдалдарға түсау болмай тұр. Делдалдар «жұмыртқадан жүн қырку» әдісінің неше түрлісіне машықтанған. Бидай, күріш, арпа сияқты дақылдардың үстіне ақша қосып сатып өздері оңай пайдаға кенелгенімен, қарапайым халық зиян шегуде. Соның салдарынан, дүкен мен базардағы баға шарықтап барады. Сауда және интеграция министрлігі мәліметінше, «Қазақтелекоммен» бірлесіп, өндірушілерді, сауда желілерін және ӘКК-ні тікелей байланыстыратын, делдалдарды алып тастайтын агромаркетплейсті іске

ЕЛ БЮДЖЕТІН ЕСЕЛЕЙДІ

қосу қарастырылып жатыр екен. Дәп осындай кешенді іс-шара қолға алынбаса, астық экспорты ұлғайып, агроөнеркәсіп күш алып кетуі екіталай.

ӨНДЕП САТСАҚ, ҰТАРЫМЫЗ КӨП

Астық өндіруді қолға алу — күн тәртібінде тұрған мәселе. Өзімізде арпа, бидай, күріш т.б. дәнді-дақылдар болса да, азық-түлік өнімдері қалтаны қағады. Бірақ Қазақстан фермерлер қауымдастығы басқарма төрағасының орынбасары Ақпар Мәуленовтің пайымдауынша, астықты өңдеймін деген адамға ешқандай кедергі жоқ көрінеді. Маман саладағы мәселелерге тоқталды.

— Астыққа кім қалай баға ұсынады, шаруа солай сатады. Егер диірменшілер жақсы баға берсе диірменге, басқа сатып алушы жақсы баға берсе, соған сатады. Оның ешқандай әбестігі жоқ. Әрине, қайта өңдеп сатқан, жәй бидай ретінде сатқаннан көбірек. Шетелдің астықты өңдеп экспорттауға мүмкіндігі жоғары болатын болса, сол елде қолдау жоғары деген сөз. Іргедегі Ресейден үн, макарон өнімдері Қазақстан нарығына кіріп жатыр. Өйткені Ресейде астықты өңдейтін кәсіпорындар көп, қолдау зор. Сондықтан біздің нарықта Қазақстан өніміне қарағанда арзан сатылады. Ал қарапайым халық азық-түліктің қайсысы арзан, соған ұмтылады. Бізде астықты өңдеймін деген кәсіпкерлі ешкім түсап тұрған жоқ. Сонымен қатар кейбіреулер «астық сақтайтын қойма жоқ» дейді. Қойма жеткілікті, ең бастысы, ескілерін жөндеуден өткізу керек. Осы аталған мәселелерге көңіл бөлінсе, ұтарымыз көп, — деді ҚФК өкілі.

Ашық дереккөздерге сенсек, елде сыйымдылығы 29,3 млн тонна болатын астық сақтау қоймалары бар. Демек, расында да, қойма жағынан аса бір қажеттілік байқалмайды.

КТЖ ұлттық компаниясының мәліметінше, биылғы қыркүйек-қазан айлары

аралығында Қазақстаннан жаңа өнімді астықтың 2 миллион тоннасы экспортталды. Салыстырмалы түрде қарасақ, өткен жылдың осы кезеңінде бұл көрсеткіш 1,8 миллион тонна болған. Бұл — экспорт көлемінің тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетеді. Нақтырақ, Өзбекстанға экспорт көлемі 42%-ға артып, 738 мың тоннадан 1 049 мың тоннаға дейін артты. Қырғызстанға жеткізілім көлемі 2,6 есеге, 24 мыңнан 64 мың тоннаға дейін, Әзербайжанға 3,1 есеге (18 мыңнан 56 мың тоннаға дейін), Ауғанстанға 42,5%-ға (73 мыңнан 104 мың тоннаға дейін), ал Түрікменстанға 2,3 есеге (3 мыңнан 7 мың тоннаға дейін) өсті.

Премьер-министрдің сайтында, агроөнеркәсіптік кешенге инвестиция тарту мақсатында АӨК-тің инвестициялық жобаларын іске асыру жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған жалпы сомасы 3,4 трлн теңге болатын жол картасы әзірленді. 2025 жылы жалпы сомасы 614,3 млрд теңге болатын 285 жоба қарастырылған. Бұдан бөлек, Үкімет тарапынан астық өндірушілер мен экспорттаушыларға мемлекеттік қолдау шаралары 2026 жылдың қыркүйек айына дейін ұзартты. Бұл жобалар агроөнеркәсіптің дамуына, астықты өңдеп, азық-түлік өнімдерін сыртқа шығаруға септігін тигізеді анық. Бірақ мемлекеттен қырау қаржы бөлінсе де, нарықтағы үн, макарон, нан өнімдерінің бағасы күн санап артуда. Сондықтан әлі де мәселеге терең үнілу қажет-ақ.

АШМ дерегінше, Алматы облысында құны 15 млрд теңгеге «Қапшағай Бидай Өнімдері» атты дәнді және майлы дақылдарды терең өңдеуге маманданған жаңа агрококенен іске қосылды. ҰСБ мәліметінше, Ақмола, Қарағанды өңірлерінде де Өңдеу өнеркәсібінің құрылымындағы басты бағыттар — астық өңдеу 28 пайыз, нан-тоқаш өнімдері өндірісі 20,1 пайыздан асып астық өңдеу, ішкі нарықты отандық өнімдермен қамту бағытына ден қоя

бастаған. Сондай-ақ Қызылорда облысында бірнеше күріш өңдеу зауыты жұмыс істеп тұр. Бұл көрсеткіштерге тоқмәйілісмей, бұдан әрі қозғалу — басты міндет.

ЖЕРДЕН ӨНІМ ӨНДІРЕТІН — ОЛ ДИҚАН

Мемлекет басшысы Жолдауда 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылып, соның 6 миллион гектарын ғана жаңа жер игерушілерге берілгендігін, жермен айналысатын өз маманына беру керек екенін атап өткен болатын. Игі бастаманы экономист Сапарбай Жұбаев та қолтап, байыптайды.

— Біз дербестік алған шақта жерді ынтық-солды тараттық. Бүгінде құнарлы, шұрайлы жерді иемденіп отырған шаруа емес, қалпылар. Латифундистерден жерді алып, диқанның игеруіне бермей, іс өнбейді. Жерді аукционға шығарып сатып жіберу әбестік. Сонымен қатар 99 жыл, 49 жыл сияқты ұзақ мерзімге беру тиімсіз. Бұл — еңбекістеймін деген адамның бір ғұмырына бара-бар мерзім. Әрі кетсе 20-25 жыл уақыт жеткілікті. Егер ол нағыз жерге жаны ашып, құнарлы арттырып, өнім алатын адам болса, осы уақыт аралығында игереді. Мониторинг жасау арқасында шын кәсіпкерге айналса, уақытын тағы созуға мүмкіндік берейік. Біз жерді атқамінерлерге бергеннен гөрі, диқанға тапсырып, қолдау білдірейік. Сонда астық өндірісі артып, арпа, бидай, күрішті өңдейтін, зауыт-фабрикалар пайда болады. Өз нарығымызды бірінші қамтымай, астықты шетелге экспорттау әбестік, — деді экономист.

Токетері, агроөнеркәсіптік кешенде аса мол әлеуетке ие біздің елдің 27,1 млн гектар егістік жерді құрайды. Қазақ халқының даналығында «арпа, бидай ас екен, алтын күміс тас екен» деп текке тәмсілдемеген. Қазақстанға астықты өңдеп сататын кез келді. Сондықтан халық та, билік те астықты өңдеп сатуға мүдделі болып тұр. Ал өңдеуші өнеркәсіпті қолға алу — уақыт талабы!

АЙМАҚ

4 ҚАРАША 2025 | СЕЙСЕНБІ

«Үйі жоқтың – күйі жоқ» дейді. Сондықтан баспаналы болсам деген арман әркімнің жүрек түкпірінде тұратыны анық. Әсіресе, жастар жағы баспана бақытына кенелуді жылдап аңсайды. Осыған орай 2023 жылы Жамбыл облысында «Әулиеата жастары» жобасы жанданған болатын. Жергілікті билік пен Отбасы банкі арасындағы мәміле аясында қолға алынған жоба алғашқы жылы толайым жемісін берген. Алайда биыл баянды бағдарлама бағытынан жаңылғандай. Олай дейтініміз, қаржыландыру көлемі күрт азайып, көптің көңілін су сепкендей басып отыр. Жобаның болашағы бұлыңғыр болғаны ма?

А **Саятхан САТЫЛҒАН,**
Жамбыл облысы

Жалпы, «Әулиеата жастары» жобасы баспаналы болуды армандап жүрген талай жасқа жол ашқаны жасырын емес. 2023 жылы 144 жас баспаналы болса, былтыр 140 азамат тұрғын үй кілтіне қол жеткізді. Алайда биыл бағдарлама бағытынан тайып, бар-жоғы 84 жас қана баспаналы болғалы тұр. Бұған басты себеп — «Отбасы банкі» АҚ тарапынан жылдағыдай 1 миллиард емес, 250 миллион теңге ғана бөлінуі. Негізі, жоба аясында облыс әкімдігі — 1 миллиард, ал Отбасы банкі 1 миллиард теңге бөлетін болып мәмілескен еді. Алайда биыл қаржы көлемі не себепті 4 есеге азайғаны түсініксіз.

Осыны білмек мақсатта «Отбасы банк» АҚ Жамбыл облыстық филиалына хабарласқанымызбен, мардымды жауап ала алмадық. Филиалдағы мамандар ипотекалық бағдарламаларды қаржылдандыру құзыреттеріне кірмейтінін айтып, тікелей банктің Баскарма басшылығына хабарласу керектігін жеткізді. Бірақ мамандар бағыттаған банктің басшылығына қанша байланысқа шыққанымызбен, олар да анық-қанық жауап бермеді. Бір сөзбен айтқанда, қаржы мәселесіне келгенде жауаптылар жұмған аузын ашпады. Мұндай жағдайда бір ғана байлам жасауға болады. Демек, банкке жылда 1 миллиард теңге бөлу тиімсіз болып отыр. Төмен пайызды несие жастардың бағын ашқанымен, Отбасы банкінің қазынасын қампайтпайды. Сол себепті банк қаржы көлемін күрт азайтқан. Бұлай бара берсе, ертең банк мүлде қаржы болмей қоймасына кім кепіл? Ондай жағдайда «Әулиеата жастары» жобасының өміршендігі үзілді деген сөз.

— Бұрындары жастарға арналған баспана бағдарламалары өзге өңірлерде жанданып жатқанын еститінбіз. Ал 2023 жылы Жамбыл облысында «Әулиеата жастары» жобасы қолға алынғанын естіп,

«ӘУЛИЕАТА ЖАСТАРЫ»: ЖОБАНЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛГЕЛІ ТҰР



қатты қуандық. Бірінші жылы Отбасы банкінде қаржым болмағанның кейін жобаға қатыса алмаған едім. Кейінгі екі жылда қаржы жинақтап, енді жобаға қатысайын деп отырғанда қаржы көлемі азайғанын біліп көңілім құлазып қалды. Алдағы жылдардағыдай белгілі бір санаттағы ғана жастар емес, тұтас облыс жастары бағдарламаға қатысуға мүмкіндік алғанның кейін санаулы пәтер бұйыра ма, бұйырмай ма деген күдікті оймен отырмын. Себебі отбасы құрған, үйдегі бала саны, банктегі есепшотының ашылған уақыты сынды санаттарға қарай да балдық жүйе белгіленеді. Ал мен бойдақпын. Сондықтан көптің ішінде балым жетпей, бағдарламадан тыс қалып кетемін ба деген қорқыныш басым. Егер осы балдық жүйе жағын да басқаша жүйелесе, мен сияқты бойдақ жастарға жол ашылар еді, — дейді Ансаған Жолдасқызы.

Иә, бағдарлама талаптары бойынша отбасылық жағдайың, жанұядағы бала саны, банктен есепшотты ашқан жылдарыңа қарай балдық жүйе белгілеу кейіннен енгізілді. Осы талап көп жастарды сүріндіруе. Себебі 35 жасқа дейінгі үмітті жастардың дені бойдақ болса, енді екіншілері отбасын енді құрған. Ал үшінші тараптың банктен депозит ашқандарына көп уақыт бола қоймаған. Осы балдық жүйе көп жастың бағын байлауда.

Бұдан бөлек, жоба алғаш бастау алған кезде оған денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, журналистика, спорт және дін салаларында жұмыс істейтін жастар ғана қатыса алатын. Алайда былтырдан бастап бағдарлама шарттарына өзгерістер енгізіліп, Жамбыл облысының 35 жастан аспаған барлық азаматына қатысуға мүмкіндік берілді. Сонымен қатар жобада берілетін ең жоғары қарыз сомасы 15 миллион теңгенің 10 пайызын бастапқы жарна ретінде құюы, бағдарламаға қатысушының және оның жұбайының кейінгі 5 жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында сатып алу құқығымен жалға берілетін немесе меншік құқығындағы тұрғын үйінің болмауы, кейінгі 3 жылдың бедерінде облыс аумағында тұрақты тіркеуде болуы және өтініш берушінің тұрғын үй кезегіне тіркелмеуі секілді бірқатар талаптар қойылды. Міне, осы тұрғын үй кезегіне байланысты шарт бірқатар жастың үмітін су сепкендей басып отыр. Солардың бірі — Тараз қаласының тұрғыны Жансая Базарбаева.

— Мен 2019 жылдан бері тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрмын. Осы уақытқа дейін түрлі бағдарламалар аясында баспанаға қол жеткізуге тырысқаныммен, оныманан еш нәтиже шықпай келеді. Осы орайда «Әулиеата жастары» тұрғын үй

бағдарламасы туралы естігенімде жүрегіме үміт ұялап, болашаққа сеніммен қарай бастаған едім. Алайда оның шарттарын тереңірек зерттеп, нақты талаптарымен танысқан сайын, әлгі үміттің орнын үрей, ал сенімнің орнын сенімсіздік басқаны шындық. Айталық, жобада көрсетілген басты талаптардың бірі — азаматтар бағдарламаға қатысуы үшін тұрғын үй кезегінен шығуға тиіс. Ал бұл зор тәуекелді талап етеді. Өйткені «Әулиеата жастары» бағдарламасы баспаналы болатынына нақты кепілдік бермейтіні анық. Әрине, кезектен шыққан соң осы бағдарлама арқылы үйлі болып кетсең құба-құп. Ал ол үмітің ақталмаса ше? Онда үй кезегіне қайтадан тұруыңызға тура келеді. Демек, баспаналы болсам деген мақсатыңыз тағы да ұзақ жылдарға кері шегеріледі. Егер сіз қандай да бір бағдарламалар арқылы үйлі болсаңыз, баспана кезегінен онсыз да автоматты түрде шығарыласыз. Сондықтан мұнда бір адам бірнеше үйге қол жеткізе ме деген қауіпке еш негіз жоқ. Сол себепті жобаны ұйымдастырушылар ешкімнің құқығын шектемей, барлығына тең мүмкіндік бергені жөн, — дейді ол.

Жансая Батырханқызының сөзінен, қазір «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 жылдан 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы» негізінде үй алу да мұңға айналып тұр. Мысалы, әр өңірдің экономикалық әл-ауқаты әртүрлі. Айталық, батыстағы аймақтар мен Жамбыл облысы тұрғындарының табысында әжептәуір айырмашылық бар. Алайда ипотекалық бағдарламалардың шарттарында бұл жағы ескерілмейді. Сондықтан осындай кедергілер жойылмай, баспанаға зар болғандардың қатары ешқашан азаймайды.

Міне, осылайша, жастар бағдарламаның талаптары жыл санап күрделеніп жатқанын айтып дабыл қағуда. Талай жасқа үміт отын жағып отырған жоба онтайлы болса деген өтініштерін айтуда. Одан бөлек, биыл банк қаржы көлемін төрт есеге азайтқаны да жастардың жанына батып отыр.

Қазір «Әулиеата жастары» жобасына құжаттар қабылдау жүргізілуде. Қараша айының төртінде өтініштерді тіркеу тоқтатылады. Ол кезде 84 пәтер кімге бұйыратынын арнайы құрылған комиссия мен банк шешеді. Әйтеуір, жастардың болашағы байланбаса екен деп тілейміз. Бәлкім, биыл болмаса да келер жылы «Отбасы банкі» қаржы көлемін қайта ұлғайтудың жолын тауып қалар. Қазір жастардың бар үміті — осы!

САБАЛАҚТЫҢ САЯЖАЙ БОЛҒАНЫ СОРЫ МА?



Қызылорда қаласындағы «Сабалақ» аталатын шағын саяжай тұрғындарын толғандырған мәселе шаш-етектен. Әсіресе, күн өткен сайын көгілдір отынды күтумен көздері талды.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Алдымен газ мәселесіне тоқталсақ, сақалды құрылысқа айналған аталмыш жоба жыл артына жыл салып, сиырқұйым-шақтанып кеткен. Тұрғындар талабы тасада қалмай, саяжайды көгілдір отынға қосу бастамасы қолға алынғанымен, жобаның баяу жүргізілуі себебі көпшілікке әзірге беймәлім күйде қалып тұр.

Негізінен, тұрғылықты халықтың көпжылғы талабымен саяжайды газдандыру жобасы 2024 жылғы тамыз айында нақты қолға алынған болатын. Сол уақытта ел игілігіне арқау болған бірегей жоба саяжайлықтарға зор қуаныш сыйлады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкіметтің қолдауымен елді

мекендер халқының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар ауқымы кең. Осы ретте бір ғана Сыр өңіріндегі облыс әкімінің үйлестіруімен жүзеге асырылып жатқан бірегей жобалардың әрбірі маңызды. Соның ішінде Сабалақ саяжайына табиғи газ жеткізу жобасы халықтың талабынан туындаған маңызды міндеттің бірі болатын.

Алғаш жобаның бас мердігері AES end limited компаниясына құрылыс жұмыстарын қолға алып, игілікті істі белгіленген мерзімде аяқтау міндеті жүктелген. Сол уақытта арнайы техникалар мен мамандар жұмысты бастап, көптің талабы тасада қалмағанына тұрғылықты халықтың ризашылығы шексіз болды. Тиісті жұмыстар жергілікті әкімдіктің тікелей бақылауында тұрғаны айтылды.

Мәліметке сәйкес, бүгінде аталмыш саяжайда 6 мыңнан астам халық тұрады. Елді мекенде жеке мектеп, балабақша жұмыс істейді. Сондай-ақ өнер орталығы, №4 қалалық емхананың филиалы, 150 орындық қосымша білім беру орталығы іске қосылған. Бұған қоса, дәріхана, автокөлік жөндеу және жуу орындары, азық-түлік дүкендері, монша, жанармай

құю бекеті және демалыс орындары халыққа қалтқысыз қызмет етеді.

Жалпы, саяжайдың инфрақұрылымын дамыту мәселелері кезең-кезеңімен шешіліп келе жатқанымен, тұрғылықты халықтың көңілі тоқ емес. Оның ішінде, халықтың пікіріне сәйкес, көшелерді жөндеу және жарықтандыру ісінде біршама шаруалар атқарылғанымен, әлі де шешімін күткен мәселелер шаш-етектен. Халық тарапынан құзырлы орындарға бұл жайында сан мәрте айтылғанымен, түйткілдір түйін тарқатылмай тұрғанын алға тартады.

Тұрғындар жедел жәрдем қызметіне, мектеп пен балабақшаға қатысты түйткілдер де тасада қалып тұрғанын жеткізді.

Бұған дейін халықтың шағымына сәйкес, Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі де өз пікірін білдірген. Онда Сабалақ елді мекенін көгілдір отынмен қамтамасыз ету мақсатында жобаның 1-ші және 2-ші іске қосу кешендері бойынша тиісті жұмыстары жүргізіліп жатқанын жариялады. Сондай-ақ жұмыс күшінің аздығына байланысты алдағы уақытта қосымша бригада қосылатынын айтып, сендірген екен.

Негізінен, былтырғы жазда басталған бұл жоба қыс мезгілінде бір тоқтап, жалғасады. Биылғы жаз мезгілінде де тиісті жұмыстар бір мәрте тоқтап, қайта жүргізіледі. Қазіргі уақытта баяу болса да жұмыс істеліп жатыр екен. Соның нәтижесінде, жыл аяғына дейін газды толық қосамыз деп сендіріп отыр. Тіпті, кейбір тұрғындар көмірмен жылытатын пештерін бұзып тастап, газбен жылыту жүйесін жүргізуге көшіпті. Алайда халық арасында тағы да құрғақ сөздің құрбанына айнамаймыз ба деп күмәнмен қарап отырғандардың қарасы қалың.

«Бізге белгілісі, қазіргі жағдай бойынша 1-ші іске қосу кешені бойынша

650 үй дайын тұр. Магистралды құбыр жалғанса, осы үйлерге газ беріледі деп айтылуда. Ал екінші іске қосу кешенінде де жоспарлы жұмыстар жүргізіле бастады. Тиісті жұмыстар талапқа сай жүргізілсе, алдағы желтоқсан айында екінші іске қосу кешені бойынша да көгілдір отын беріледі деген жоспар отыр. Осы орайда айта кеткен абзал, мәліметке сәйкес, 1-ші іске қосу кешені бойынша тиісті қаржы көздері толық аударылғанымен, 2-ші іске қосу кешені бойынша қажетті ақшасы кешеуілдеп жатыр екен. Соған орай дәл қазіргі жұмыстар мердігер мекеменің өз қаражаты есебінен жүргізіп жатқаны мәлім болып отыр. Яғни, мердігер өз қаражаты есебінен газды жыл аяғына дейін бітіріп беретінін айтып, сендіріп тұр», — деді бұл жайында саяжай тұрғыны Гүлсәнім Өукенова.

Тұрғын өз сөзінде, жыл аяғына дейін көгілдір отын қосылады деген үмітпен қарап отырғанын жеткізді. Оған дейін тұрғылықты халық жылдағыдай көмірмен

Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі жазбаша жауабында.

Байқағанымыздай, құзырлы бөлім тарапынан саяжайды газдандыру жұмыстарының толық аяқталу мерзімі нақты айтылмады. Осы орайда бұған дейін газ құбырын тартуға қажетті қаржының 1 млрд теңгесі республикалық қазынадан қаралса, тағы 1 млрд қаржыны жергілікті бюджеттен бөлу көзделгені белгілі. Бұған қоса, тағы 1 млрд теңгені демеушілер есебінен қаржыландыру жоспарланса керек. Дейтұрғанмен, мердігер алғашында жобаны сәтті бастағанымен, кейіннен жұмыстың сағызша созылуы тиісті қаржы көздерінің уақытылы бөлінбеуімен тікелей байланысты болғаны айтылады.

Сонымен қатар тұрғындар жедел жәрдем қызметіне, мектеп пен балабақшаға қатысты түйткілдер де тасада қалып тұрғанын жеткізді. Оның ішінде, 900-ге жуық оқушы мен 600-ге жуық мектеп жасына дейінгі бүлдіршінге саяжайдағы 9 жылдық 340 орынға негізделген жеке мектеп пен 40 орындық балабақша аздақ етіп тұрғанын алға тартты. Яғни, білім ұйымдарындағы бала санының шектеулі болуына байланысты қалған балалар облыс орталығына қатынап, білім алуға мәжбүр. Сондай-ақ тұрғылықты халықты көп жылдан бері жол жағдайы да алаңдатады. Жергілікті әкімдік тарапынан жанбыр жауса, ми батпаққа айналатын көшелерге тас төсеу жобасын газдандыру жобасы толық аяқталғасын ғана жүзеге асырылатынын айтылған. Ең қиыны, жүйкені жұқартқан жол мәселесінің де осы газдандыру жобасына тікелей байланысты болып тұрғаны тұрғындарды толғандырып тұр.

ТОВЫҚТАЙ ТҮЙІН:

Жалпы, Қызылорда қаласы Тасбөгет кентіне қарасты аталмыш аумақ саяжай ретінде қарастырылғанымен, бүгінде алты мыңға жуық халық тұратын елді мекен саналады. Қарақұрым халық қоныс тепкен аумақ қаламен жалғасып жатыр. Саяжайдың іргесінде «Назарбаев саябағы» бар. Биыл осы саябақты жөндеуге 15 млрд теңге бөлініп, ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мұны естіген Сабалақ халқы саябақты жөндеуге қаржы тапқан жергілікті билік, саяжай тұрғындарының мәселесін шешуге келгенде неге сараңдық танытқанын түсінбей дал.

ӨНЕРКӘСІП

ШЫМКЕНТ АГРОСЕКТОРЫ ЖАҢҒЫРЫП КЕЛЕДІ



Шымкент – еліміздің үшінші мегаполисі ғана емес, жасыл белдеуі кеңейген, еңбекқор диқандары бар құтты мекен. Қалада ауыл шаруашылығы саласын дамытуға соңғы жылдары тың серпін берілді. Ең бастысы, нақты нәтиже бар, жаңа мақсат айқын, ал шаруаларға көрсетілетін қолдау жылдан жылға күшейіп келеді.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Жыл басынан бергі 9 айда Шымкент ауыл шаруашылығы 41,1 млрд теңгенің өнімін өндірді. Бұл – қағзадағы көрсеткіш ғана емес, жер жыртқан диқанның, мал баққан шаруа мен жылыжайда тынымсыз еңбек еткен мамандардың маңдай терінің өтеуі. Биыл қала аумағында 23 мың гектар жер игерілді. Оның әрбір тобығына дейін бабымен өңделіп, өнімнің түр-түрі егілді. Оның ішінде 7 мың гектар – дәнді дақыл, 3,3 мың гектар – майлы дақыл, 1,7 мың гектар – көкөніс пен бақша, 0,1 мың гектар – картоп және 10,9 мың гектар мал азығы бар.

«Бұл – қала халқын өз өнімімізбен қамтып, нарыққа сапалы, табиғи азық ұсынудың нақты қадамы. Айта кетейік, бүгінде шаруаның жүгін жеңілдеткен мемлекет қолдауы да едәуір тиімділігін көрсетіп отыр. Мәселен, жыл басынан бері аграрлық салаға 394 млн теңге көлемінде қолдау көрсетілді. Атап айтсақ, тыңайтқышқа – 19 млн теңге, жылыжай шығынына – 360 млн теңге және тұқым шаруашылығына 15 млн теңге қолдау білдірілді», –



деді Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы агроөнеркәсіп кешенін дамыту бөлімінің басшысы Сағдат Маханов.

Күзгі дала жұмысына 337 тонна арзан дизель бөлініп, шаруаларға литрі 250 теңгеден берілген. Бұл – науқан кезінде жанармайды уайымдамай, алаңсыз еңбектенуге мол мүмкіндік беріп отыр. Басқарма мамандары қалада ауыл шаруашылығы өнімдері тұрақты түрде өсіп келе жатқанын айтады. Биыл 5,3 мың тонна ет, 54,3 мың тонна сүт және 175 млн дана жұмыртқа алынған. Ал төрт түлік саны да көңіл қуантады. Бүгінде үшінші мегаполисте – 100,9 мың ірі қара, 108,4 мың уақ мал, 22,2 мың жылқы, 1,2 млн құс бар. Осынау жетістіктер – тіршілік көзі саналатын мал шаруашылығының берекесі тасығанының белгісі.

Тағы бір айта кетерлігі, Шымкент қаласында еліміздің агроөнеркәсібіне тың тыныс әкелетін алып жоба іске асып жатыр. Alsera KZ компаниясының 650 гектарлық жылыжай кешені – нағыз ауыл шаруашылығы дәуірінің көрінісі. Инвестиция көлемі – 650 млн АҚШ доллары болған жобаның бірінші кезеңі

келер жылы аяқталып, 5 мың адам тұрақты жұмыспен қамтылады деген жоспар бар. Ал екінші кезең алдағы бес жылда іске асырылады. Толық қуатында жұмыс істеген уақытта жылына 155 мың тонна өнім жиналмақ. Бұл жоба Шымкентті Орталық Азиядағы ең ірі агрологистикалық орталықтардың біріне айналдырмақ.

Сонымен бірге, Шымкенттің республикалық маңызы бар қала мәртебесін алуы – тарихи шешім, жана мүмкіндіктердің бастауы болды. Дегенмен кез келген даму жолында өткінші қиындықтар кездесетіні белгілі. Қала аумағының кенеюімен бірге ауыл шаруашылығы жерлерінің бір бөлігі елді мекен құрамына енді. Бұл өзгеріс қала үшін стратегиялық маңызды болғанымен, шаруа адамдарына қосымша салмақ салды. Кеше ғана егін егіп, мал бағып, туған жердің ырысын арттырып отырған қарапайым қожалықтар аяқ астынан ауыр салық қысымына тап болды. Гектарына 91 700 теңге көлеміндегі салық – көптеген шаруалар үшін еңсені түсірткен, тірлікті тығырыққа тіреген мәселе еді. 2022 жылы шаруалардың жанайқайы ескеріліп, мәслихат шешімімен мөлшер 45 850 теңгеге дейін төмендетілді. Бұл – алғашқы жеңілдік, алғашқы демеу болды. Алайда бұл жүктеменің өзі де ауыл кәсіпкерлері үшін оңай болмады. Сол себепті мәселе жай ғана көтерілмей, жүйелі түрде шешім іздеу жолына түсті. Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтің бастамасымен орталық және жергілікті мемлекеттік органдар арасында үлкен жұмыс атқарылды. Нәтижесінде, шаруалар үні естіліп, ел игілігі үшін маңызды шешім қабылданды. Шаруаның жанайқайы ескерілді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен жана Салық кодексіне өзгерістер енгізілді. Бұл жай қағзадағы бап емес, бұл – ауылдағы еңбек адамына деген құрметтің, олардың еңбегін ескерудің көрінісі. 2026 жылдың 1 қантарынан бастап ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің салығы гектарына небәрі 1 013 теңге болады. Бұл – бұрынғы мөлшерден 45 есе төмен! Шаруаның еңсесін көтеретін жерін тастамай, еңбегін жалғастыруға жігер беретін тарихи жеңілдік туралы осынау басқарма өкілі атап өтті.

Айта кетейік, Шымкенттің ауыл шаруашылығы – тек статистика емес, тіршілік тынысы. Бұл – ерте тұрып, күнмен бірге егін басына баратын диқанның адал еңбегі. Жыл он екі ай жеміс өсіретін жылыжайшылардың табандылығы, ауылдың тынысы, шаруаның үміті, еңбекке адал азаматтардың жүректен істеген ісі. Шымкенттің топырағына түскен әр дән – ертенгі нәпақа, әр жана жылыжай – болашақтағы экспорт, әр жеңілдеген салық еңбек адамына жасалған құрмет екені сөзсіз.

ӨНІР



Облыстық халық шығармашылығы орталығында Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев пен Орал қаласының әкімі Мұрат Байменов аймақ тұрғындарымен кездесу өткізді. Басқосуға жиналған халықтың саны көп, ғимаратта ине шаншар жер болмады.

ҚАЛА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Алдымен Орал қаласының әкімі Мұрат Байменов қаланың даму жоспары туралы баяндама жасап, шаһарда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Былтыр 1,3 млрд теңгеге бір магистралдық желі жаңартылса, биыл 9,9 млрд теңгеге қаладағы тағы бір ірі магистралдық желі жаңғыртылған.

– Былтырғы жұмыстардың нәтижесінде 12 әлеуметтік нысан мен 63 көпқабатты үйге үздіксіз жылу беру жұмыстары жүрді. Биыл қаладағы ең ірі магистралдық желіні жаңғыртқанымыздың арқасында 75 көпқабатты үй мен 7 әлеуметтік нысанға үздіксіз жылу берілуде. Алдағы екі жылда тағы үш магистралдық желіні жаңғырту жоспары тұр. Ол үшін 8,1 млрд қаржы жоспарланып отыр. Егер осы жұмыстардың бәрі іске асса, біз қаладағы жылу желілерін 50%-ға жаңартамыз, – деді Мұрат Байменов.

Орал қаласындағы су және жылу желілерінің әбден тозғаны туралы аз айтылып жүрген жоқ. Осы олқылықтың орнын толықтыру мақсатында қалада бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр.

Қала әкімі өз сөзінде қаладағы ірі су жинау стансасында жаңғырту жұмысы жүріп жатқанын атап өтті. Ол үшін бюджеттен 12,1 млрд қаржы бөлінген. Бұл жобалар қаланың Жұлдыз, Ескі әуежай, 10, 7, 6, 5,

№18А көріз-сорғы стансасын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

– Ал 2026 жылы №29 және №1 көріз стансаларын қайта жаңғырту көзделген. Ол үшін бюджеттен 4,1 млрд теңге көлемінде қаражат бағыттау жоспарланды, – деді қала әкімі өз сөзінде.

Тұрғындарды ауызсумен қамту қаншалықты маңызды болса, қала көшелерін жарықтандыру да соншалықты өзекті дүние. Себебі қараңғы көшелер адамдардың қауіпсіздігі мен дүние-мүлкіне кесірін тигізуі мүмкін.

– Қаланың сыртқы келбетін ретке келтіру және тұрғындар арасындағы қауіпсіздікті күшейту мақсатында қала көшелерін жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Былтыр ұзындығы 15 шақырым болатын үш көшеге жарық өткіздік. Ал биыл жалпы ұзындығы 22 шақырым болатын екі көшеге жарық жүргізу жұмысы жүргізілді. Ол – Сырым Датов көшесі мен Жәңгір хан көшелері. Бұдан бөлек, қаладағы нысандар мен үйлердің сыртқы бетіне сәндік жарықшамдар орнату жұмысы да жүргізілуде. Былтыр осы бағытқа 600 млн қаржы бөлініп, 13 нысанға жарықшамдар қойдық. Ал биылғы жылы 40 млн қаржыға 7 нысанға сәндік жарықшамдар орнатудамыз, – деп атап өтті Орал қаласының әкімі Мұрат Байменов.

Облыстық халық шығармашылығы орталығына жиналған тұрғындар әкімнің



4-шағын аудандарын үздіксіз ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қаланы таза ауызсумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қалада тағы 5 су ұңғымасын салу жоспары бар.

Бұдан бөлек, 2024 жылы 4,6 млрд теңгеге №3 және №2 көріз-сорғы стансалары жаңартылса, биыл Ақжайық шағын ауданында жана көріз-сорғы стансасы пайдалануға беріліп отыр. Қазір 2 млрд теңгеге

баяндамасынан кейін сұрақ қоюға көшті. Халықтың көкейіндегі сұрақтар негізінен БҚО әкімі Нариман Төреғалиевке бағытталды.

Жиналғандар қала тазылығы, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бөлек мектеп ашу мәселесін, отандық өнімді қолдау шаралары туралы сұрақтары мен ұсыныстарын айтты. Ал жеке сұрақтары бар тұрғындарды сала мамандары арнайы қабылдады.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ЖАҚСАРДЫ

Алматы облысының полицейлері жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жолдардағы апатты азайту мақсатында инновациялық технологияларды енгізуде. Оның бір мысалы, жасанды интеллектімен жабдықталған Sergek Patrol мобильді аппараттық-бағдарламалық кешені бар патрульдік автомобильдер пайдалануға берілді.

Енді өңір тұрғындарының тәртібі мен қауіпсіздігін полицейлер интеллектуалды жүйе арқылы қамтамасыз ететін болады. Жоба аясында 325 аппараттық-бағдарламалық кешен және 9 400-ден астам Sergek камерасы орнатылды. Олар автожолдарды, ауалар мен қоғамдық орындарды толық қамтиды. Барлық деректер жедел басқару орталықтарына жібері-

ліп, полиция қызметкерлері нақты уақыт режимінде жағдайды бақылап, ақпаратты талдап, жол-көлік оқиғаларына, құқықбұзушылықтарға және төтенше жағдайларға жедел әрекет етеді.

– Бүгінде мобильді АБК екі автомобильде орнатылған, оларды 10 патрульдік машинада пайдалану жоспарлануда. Sergek Patrol жылдамдықты арттыру, жол белгіле-



рін сақтамау және дұрыс емес тұрақ сияқты бұзушылықтарды автоматты түрде түсіру үшін жетілдірілген камералар мен радарлармен жабдықталған. Жүйені енгізу жол бақылауының тиімділігін арттыруға, жүргізу мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ облыс жолдарындағы апаттылықты азайтуға бағытталған, – деп атап өтті Алматы облысы ПД ППБ командирі Дархан Байшоинов.

Жүйе автоматты түрде жол қозғалысы ережелерін бұзу деректерін тіркейді. Атап айтқанда, жылдамдықты асыру, бағдаршамның тыйым салатын сигналына өтіп кету, дұрыс емес жерде көлік қою, жаяу жүргіншілерге жол бермеу сияқты заңбұзушылықтар анықталады. Бұл шаралар жол қозғалысы мәдениетін қалыптастыруға және жасалған құқықбұзушылықтар үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Адамдар жолда мұқият бола бастады, ереже бұзушылықтар азайды. Sergek жүйесі орнатылған жерлерде жол-көлік оқиғаларының саны төмендеді. Бұл жай болжам емес, бұл – нақты факт», – деді Алматы облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Арман Тленчин.

Айта кетейік, Sergek жүйесі енгізілген өңірлерде жол-көлік оқиғаларындағы өлім-жітім көрсеткіші 30–50 пайызға төмендеген. Ал жалпы апат саны шамамен үштен бірге азайған. Мәселен, Астанада 2017 жылдан 2024 жылға дейін жол апатынан қаза тапқандар саны 60 адамнан 37 адамға дейін

азайса, Алматы облысында бұл көрсеткіш 161 адамнан 105 адамға дейін қысқарған.

«Жүйенің өзі мен мобильді кешендерден бөлек, жоба аясында көліктің цифрлық ұқсас бөлігі (digital twin) де жасалады. Бұл – жол қозғалысының нақты уақыттағы «айнадай» үлгісі. Оны әкімдік пайдаланады. Цифрлық модель қала көшелеріндегі жол жүктемесін, көліктердің орташа жылдамдығын, маршруттағы қозғалыс көлемін және коммуналдық қызметтердің жұмысын көрсетеді. Осылайша, ол Қонаев қаласында Smart City тұжырымдамасын дамытуға ықпал ететін тиімді құрал болмақ», – деді Sergek Group компаниясының Алматы облысындағы өкілі Алексей Снегур.

Жүйе жол қауіпсіздігін арттырумен қатар, қоғамдық орындардағы қылмыс деңгейін төмендетуге де ықпал етеді. Sergek камералары қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайларды тіркеп, қылмыстарды ашуға және қауіпті оқиғалардың алдын алуға көмектеседі.

«Біз басқару жүйесін толық цифрлық форматқа көшіріп жатырмыз – коммуналдық қызметтерден бастап көлік саласына дейін. Облыста цифрландыру қарқынды дамып келеді. Sergek жүйесі осы экожүйенің бір бөлігіне айналды. Енді жолдардағы нақты жағдайды көріп, жедел әрекет етуге мүмкіндік бар», – деді Алматы облысы Цифрландыру басқармасы басшысының орынбасары Олжас Артықбай.



Жоба Sergek Group, казакстандық жеке IT-компания «Азия Софт» және Алматы облысы әкімдігінің Цифрландыру басқармасының қатысуымен жүзеге асырылды.

С. БЕГІМБАЙ

АЙНА

4 ҚАРАША 2025 | СЕЙСЕНБІ

Незік даусымен қаншама тыңдарманның жүрегіне жол тапқан әнші қыздарымыз көп. Сыңғырлаған даусымен ұлттың рухын көтерген Роза Бағланованың, әлемді тамсандырған сахна саңлағы Роза Рымбаеваның дауысына бүкіл ел таңдай қақты. Сол Розалардың бүгінгі жалғасы – Роза Әлқожа. Жақында ақын, сазгер, композитор, әнші елордамызда ерекше форматта шығармашылық кешін өткізді. Жиылған тыңдарман әр әнін қосылып шырқады, енді бірінде көзіне жас алып, өлеңмен сағынышын басқандай тебіренді. Кештің иесі тура он бес өлең оқып, он бес ән орындады. Кеш соңында әншіні әңгімеге тартып, сұхбаттастық.

Роза ӘЛҚОЖА, әнші:

БАҒЫ асқанның досы КӨП

— Роза ханым, бұған дейін сіздің шығармашылық кешіңіз үлкен сахналарда өтетін. Ал бұл жолғы концерт шағын әрі жылы форматта ұйымдастырылды. Не үшін мұндай форматты таңдадыңыз? — Жакында Жазушылар одағына мүшелікке құжат тапсырдым. Негізі журналистика факультетін бітіргенмін. Бірінші — кәсіби журналиспін. Екінші — үш кітабы шыққан ақынмын. Сондықтан бұрын өзім үшін жазған өлеңдерімді енді жеке шығармашылық кеште елдің де керегіне жарайтын шығар, оқырманға ұнайтын шығар деген оймен оқиын деп шештім. Жалғыз өлеңмен емес, лирикалық әндерді орындап, әсерлі кеш беріп көрсем деп ойладым. Мұндай форматта бұрын Мирас Асан екеуміз ән айтып жүрдік. Кейін Миастың өзі «Әдемі акустикалық кеш берсенізіші» деп қолқа сала бастады. Сол арманым бүгін орындалып жатыр. Поэзия мен әннің кеші болғандықтан шағын форматта өткені жөн деп ойладым. Себебі мұндай ортада тыңдарманмен жақын отырып, олардың көзіндегі жылылықты, жүректегі толқынысты сезіне аласын.

ҮШ АҚЫНҒА ҚАРЫЗДАРМЫН

— Шығармашылығыңыз туралы сөз етсек. Қазір жас пен үлкеннің тыңдайтын әндерінде айырмашылық көзге көрініп тұрады. Сіздің қоржыныңыздағы әндерді көбіне тыңдайтын аудитория кімдер? Тыңдарман талғамы туралы не айтасыз? — Сахнада ән салып келе жатқаным 25 жыл болыпты. Соңғы 15 жылдан бері гастрольмен жүріп, жылына шамамен 50-60 шақты жеке шығармашылық кеш беремін. Сонда байқағаным, кешке келетін қонақтардың ішінде көбіне үлкен кісілер екен. Әндерімнің лирикалық ба-

— Өзімді үш ақынға қарыздар санаймын. Оны сахнада да айтып жүрмін. Біреуі — Мұхтар Шаханов. Оның өлеңдерінен өрелікті, махаббатқа, достыққа адалдықты үйрендік. Бірде «Аға, сіз бізді өлеңдеріңізбен тәрбиелеп едіңіз. Махаббат та, достық та сіз айтқандай емес екен ғой» деп едім өзіне. Жүзіме қарап күлімдеп қойды. Екінші — Фариза Оңғарсынова. Қазақ қыздарының болмысын, қайсарлығын, ибалығын Фариза апамыздың өлеңдерінен бойымызға сіңірдік. Үшіншісі — Төлеген Айбергенов. Ол менің — сүйікті ақыным. Біз соларды оқып өстік.

Фариза апамызды ақын ретінде ғана емес, адам ретінде адамгершілік қасиетін жоғары бағалаймын. Өзінің айналасындағы таланттардың барлығына тым құрығанда жылы қабағын көрсеткен, қамқор болған тұлға еді. Бірде Қалқаман Сарин хабарласып: «Сені Фариза апаң іздеп жатыр. Өзімнен сөйлескісі келеді» дегенде, төбем көкке бір елі жетпеді. Ақын апамның бір-ақ ауыз сөзі әлі күнге дейін маған қуат беріп, сенім сыйлайды. «Тактайды тактайға соққан композиторсымақтардың ішінде «Мен сыйға тартқан орамал» деген әні бар қызды сырттай жақсы көретін едім. Өзің жақсы ақын да екенсің» деді. Апамның осы сөзінен кейін маған өлең жаздым. «Елордаға барып концерт бер» дегенінен кейін Астанаға жиі келе бастадым. Жалпы, адамның өмірінде бағыт беретін, дұрыс жол сілтейтін адамның болғаны үлкен бақыт екен.

— Өлеңді қай кезде жазасыз? Әр өлеңнің, әннің туған тарихы бар шығар? — Шынымды айтсам, қай жерде қандай ән туғаны естен де шығып қалады екен. Өткенде қасымда көмек беріп жүретін сіндім Әсел

дос болғысы келеді. Бағы аспаған адаммен көп адам дос болмайды. Өйткені Мұхтар Шахановтың «Дара талғам қасіреті» деген өлені бар. Біздің, өнердегі, өлеңдегі жандардың жалғыздығы өзіне ғана белгілі. «Қиядағы қыранның жалғыздығы, бәйгедегі тұлпардың жалғыздығы» — оларсонымен ерекшеленеді. Өйткені кейде қасындағы сенген адамың ойламаған жерде сатып кетуі, уәдесінен тайып кетуі мүмкін. Ондай дүниелер көңіліне қаяу салады, аңқылдаған тап-таза көңілді бір сәтте өзгертеді. Мен бұрын бәріне сенгіш, бәріне жүрегімді ала жүгіретін қыз болсам, қазір байыпты, байсалды әжеге айналдым. Бақыттың, тәжірибенің, сол қиындықтардың өзі мені осы деңгейге алып келді. Осынша уақыттың арасында мен тек қалам мен ақ паракқа ғана сүйендім. Сол кездерде мені құтқарған өлең деп айтқаным сол еді.

— Роза Әлқожа десе, көпшілік ең алдымен сахнада сырлы да сазды әнімен жүректерді тербеген өнер иесін естелетеді. Алайда сіздің жолыңыз журналистика саласынан басталғаны белгілі. Айтыңызшы, ақпарат әлемінен өнер сахнасына түбегейлі бет бұруыңызға не себеп болды? — Оның себебі — «Екі кемеңнің басын ұстаған суға кетеді». Мен не журналист, не әнші болуым керек еді. Мен өнер әлемін таңдадым. Журналистикада алған білімім бойымда тұр, оны қай кезде істесем де, таңдау еркі өзімде. Сондықтан ән әлемі мен үшін құпия, сырға толы әлем еді, осы әлемнің тұңғызығына үйлігім келді. Бірақ журналистикаға да ренішім жоқ. «Ақ жол — Қазақстан» газетінде 2 жылдай жұмыс істедім. Қазақ радиосында «Аққулы айды», «Өн домбыра» деген хабарым болды. Телеарнада Жанарбек Әшімжан екеуміз «Жастар жырлайды» атты айтыстың жобасын жүргіздік. Баспасөздің де, радио мен телеарнаның да, әрқайсысының адамды тартатын, жібермейтін ләззаты бар. Соны қия тұрып мен әнге келдім, әлі де журналистиканы жақсы көремін, жұмыс істегім келеді. Бірақ бәрін қатар алып жүру мүмкін емес.

— Әндеріңіздің сөзін де, сазын да өзіңіз жазасыз. Әуен мен сөздің арасындағы үйлесімді қалай табасыз? Ақын мен әншінің арасында қандай байланыс болуы керек? — Бұрын ақындарға сөз жаздырып, оған әуенді өзім жаза жүрдім. Жана да айттым ғой, Фариза апамыздың сөзінен кейін біржола өлең жазуға кірістім. Сол кезде әндерімнің де сөзін жаза бастадым. Өйткені өлең біздікі емес екен. Өлең — тәңірдікі екен. Сен жазасың ба, жазбайсың ба, сені ақын, сазгер, әнші қылып таңдайтын да тәңір екен. Кейде біз «Әкем өлең жазды, анам ақын. Белгілі ақын ұстазым болды» деп айтамыз ғой. Негізі олар тек бағыт-бағдар беруші, жол көрсетуші. Шын мәнінде, өзім де соны түсіндім. Ақын мен әншінің арасында үнсіз үйлесім, берік байланыс болады. Кез келген әнші ақынға құрмет көрсете алса, соның өзі жеткілікті.

— Үлкен сахнада ән салып жатқанда тыңдаушыларыңызға ішкі сырыңызды қаншалықты ашасыз? Халық алдында эмоция, көңіл күйіңізді көрсетіп қалатын кез бола ма? — Жаның салтанат құратын жер болады. Ол қандай жер? Ол — сөз ұғатын жер, ол — дәстүрлі білетін, дінді білетін, кісінің қадірін білетін жерде адам өзі толық ашылады. Иә, кейде эмоцияға ерік беретін кездер болады. Бұған дейін үлкен сахнада, мыңдаған адамың алдында концерт беріп жүрсем де, бүгінгі шағын шығармашылық кешіме ерекше толқымды.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«ҚОЛА ДОМБЫРА – 2025» МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Астанадағы Еуразия ұлттық университетінде өткен жас таланттардың басын қосқан дәстүрлі «Қола домбыра-2025» республикалық оқушылар айтысы өз мәресіне жетті. Еліміздің барлық өңірінен іріктеуден өткен 10-18 жас аралығындағы 22 дарынды оқушы екі күн бойы бақтарын сынап, сөз бен домбыраның құдіретін паш етті.



Бұл іс-шара Еуразия ұлттық университетінің қолдауымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, «El Umiti қоры» корпоративтік қоры және «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен екінші жыл өткізіліп отыр. Жоба жетекшісі — Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы Серікзат Дүйсенғазы.

— Биылғы айтыс «Жасанды интеллект дәуіріндегі жасампаз жастар» тақырыбында өтті. Бұл айтыстың мақсаты — жастарды ұлттық өнермен сусындату, жас дарындардың жолын ашу. Сонымен қатар ұлттық өнерімізді дәріптеп, жас ақындардың шыңдалуына үлес қосу. Бүгінде елімізде 100-ден астам өнер мектебі бар. Төл өнерімізді одан әрі дәріптеп дамыту үшін барлық өнер мектебінде арнайы айтыс ақындары сыныптарын ашу қажет. Себебі айтыс өнерінің бойында қазақ дәстүріндегі күйшілік, ақындық, шешендік, термешілік сияқты барлық өнер түрі тоғысқан. Сондықтан осы бір ерекше өнерді оқытуды дұрыс жолға қолатын болсақ, келешекте ел мәртебесін биікке көтерері анық, — деп атап өтті ақын С.Дүйсенғазы.

Жас ақындар қазіргі қоғам үшін өзекті үш негізгі тақырып аясында сөз сайыстырды: «Жасанды интеллект дәуіріндегі жасампаз жастар», «Еңбек адамы — елдің тірегі», «Цифрландыру мен білім: жана дәуірдің талабы».

Айтыскерлердің шеберлігіне айтыскер ақын, «Алтын домбыра» иегері Еркебұлан Қайназаров, айтыскер ақын Иран-Ғайып Күзембаев пен Өміржан Көпбосын, «El umiti қорының» өкілі Азамат Оңайбаев, Парламент Мәжілісінің депутаты, Қазылар алқасының төрағасы Ринат Зайыт төрелік жасап, шын жүйріктердің өнеріне әділ бағасын берді.

Сонымен «Жасанды интеллект дәуіріндегі жасампаз жастар» тақырыбында өткен оқушылар арасындағы республикалық айтыста үшінші орынды Айғаным Максұтханова (Астана), Белес Өтепберген (Ақтөбе), Айша Бақтияр (Шымкент) иеленсе, екінші орын Ақнұр Зинулла (Алматы облысы) мен Мейіржан Барышбайға (Павлодар) бұйырды. Бірінші орынды қостанайлық Нұрислам Рағатов қанжығасына байлады. Бас жүлде — «Қола домбыра-2025» жамбылдық Инжу Жаңабайдың еншісіне жазылды.

Бас жүлдеге — диплом, «Қола домбыра» арнайы домбырасы және ақшалай сыйақы табыс етілді. Ал I, II, III орын иелеріне — дипломдар мен ақшалай сыйақы берілді. Сондай-ақ жас таланттардың әрқайсысына арнайы атаулы жүлделер тағайындалды.



«Айқын-Литер» ЖШС ұжымы Мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі саясаткер Қуаныш Сұлтановқа жұбайы

Бекеш ӘДІЛБЕКОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Тағат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың

жәрмші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абзал АЛПЫСАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Сағатжан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҒҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгул НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жанат ҚАЛЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(7171) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4662 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,